

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
РМҚК «Ұлттық музей»
директорының м.а.
_____ А. Нұразхан
« _____ » _____ 2019 ж.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық музейінің
2018 жылы атқарған
қызметі бойынша
есебі

Астана
2018

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|------------|
| I. КІРІСПЕ | 3 |
| II. ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ | 5 |
| II. 1. ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРМЕЛІК ЖҰМЫС | 6 |
| II. 2. ҒЫЛЫМИ-МЕТОДИКАЛЫҚ ЖҰМЫС | 32 |
| II. 3. «ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ» ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ | 56 |
| II. 4. ҚОР ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСЫ | 65 |
| II. 5. МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ЖҰМЫС | 98 |
| II. 6. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС | 120 |
| II. 7. ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР | 121 |
| II.8. «ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ӨЛКЕТАНУДЫ ДАМУ БӨЛІМІ | 124 |
| II. 9. ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ | 142 |
| III. БАСҚАРУ | ... |
| III. 1. БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ | ... |
| III. 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ | ... |
| Қосымша А | |
| 2018 жылғы Ұлттық музей қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдар тізімі | ... |
| Қосымша В | |
| Ұлттық музей қызметі туралы жарияланған имидждік жарияланымдар тізімі: | ... |
| 1. 2018 жылдың бірінші жартысы | ... |
| 2. 2018 жылдың екінші жартысы | ... |

I. КІРІСПЕ

Осыдан төрт жыл бұрын есігін ашқан Қазақстан республикасының Ұлттық музейі Астана ғана емес, бүкіл елімізге тарту болды. Бұл мекеменің ашылу салтанатында Мемлекет басшысы музейдің ғылыми рухани орталыққа айналып, қазақстандық жолдың бүгінге дейінгі барлық өмірінен хабар беретінін атап көрсеткен еді.

Мемлекет басшысы 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылын» өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында Ұлттық музей құру керектігін айтқан еді. Міне сол кезде оның негізгі құрылымы белгіленіп, қортындысында Президент былай деді: «Егер келушілер бұл жерден біздің 2500 жылдық тарихымызды көрсе дұрыс болар еді». Сөйтіп, Ұлттық музей құрылмай тұрып оның аумағы мен статусы айқындалған болатын.

Бүгін құндылықтарың көрнекті коллекциялары жинақталған Ресейдегі Мемлекеттік Эрмитаж (183 820 ш.м.), Франциядағы Лувр (160 106 ш.м.), Нидерландыдағы Рейксмузей (200 де залы бар), Кореяның Ұлттық музейі» (137 201 ш.м.), АҚШ-тағы Метрополитен (110 000 ш.м.), Мемлекеттік Третьяков галереясы (75 116 ш. м.), Франциядағы шығыс өнері ұлттық музейі» - Гиме музейі» (74 000 ш.м.) сияқты дүниежүзілік оншақты музейлер қатарына біздің Ұлттық музейді де (74 000 ш.м.) қоя аламыз.

Міне осыдан келіп музейдің өршіл мақсат - міндеттері туындап отыр. Осыған сәйкес музейдің негізгі міндеттерінің бірі Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттау, Астананы халықаралық деңгейдегі мәдени және гуманитарлық орталық және Қазақстан сияқты дамып келе жатқан мемлекеттің орталығы ретінде көрсету болып табылады. Яғни біздің міндетіміз елімізді, оның өткені, бүгінгі өмірі мен жарқын болашаққа ұмтылуын көрсету.

Музейдің даму бағыттары көптүрлі болып табылады. Олардың ішінде кешенді зерттеу бағдарламалары, коллекциялық жинақтау, ғылыми және мәдени-тарихи маңызы бар жаңа материалдар мен коллекциялар қорын құру және толықтыру саясаты бар. Сонымен қатар музей экспозициясы мен экспозициялық-көрме саясатының тұжырымдамалары және жобаларын жасау арқылы Қазақстандық Ұлы дала өркениетінің бесігі ретінде көрсетіп, көшпелілердің тұтас тарихи бейнесін құру.

2018 жыл елімізде маңызды әлеуметтік-саяси мәні зор оқиғалармен сипатталды. Олар Астананың 20 жылдығын тойлау мерекесі, Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 10 қаңтар 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және 5 қазан 2018 жылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауларында, сонымен қатар Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында қарастырылған мәселелер болды.

Ұлттық музей Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың жолдаулары мен Елбасының мақаласында көрсетілген мәселелерді жүзеге асыру мақсатында кең түрде талқылау жасады.

2018 жылдың 19 қаңтарында «Жаһандық жаңғырудағы Қазақстандық бағыттар мен жолдар» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізіліп, онда Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 10 қаңтар 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды

2018 жылдың 6 қазанында «Мемлекеттің әлеуметтік саясаты: жетекші бағыттар» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізіліп, онда Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 5 қазан 2018 жылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды.

22 қараша 2018 жылы дөңгелек үстел өткізіліп, онда Елбасы Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын талқыланды.

Бұл іс-шаралардың мақсаты Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары мен Елбасының мақаласындағы негізгі мәселелерді талдап, алға қойылатын міндеттерді айқындау болды

Музейдегі дөңгелек үстелдерге қоғам қайраткерлері, ғалымдар және көпшілік кең қамтылды. Дөңгелек үстелде Мемлекет тарихы институтының, Халықаралық Түрік академиясының, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және Евразиялық интеграция институтының ғалымдары Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларындағы негізгі мәселелер бойынша баяндамалар жасады.

2018 жылы **РМКК «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі»** өзінің қызметін негізінен жоғарыда көрсетілген құжаттармен қатар Елбасының 31 қаңтар 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», Қазақстан республикасы Президентінің 2017 жылғы 27 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының астанасы –Астана қаласының 20-жылдығын мерекелеу туралы» бұйрығы, Елбасының 12 сәуір 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы модернизациялау» мақаласындағы міндеттерді жүзеге асыру бағытында ұйымдастырды.

Біріншіден, еліміз Астана қаласының 20-жылдығын мерекелеуге даярланды. Осыған орай Ұлттық музей өз кезегінде шетелдік серіктестерімен тығыз байланыса отырып, өзінің үлесін қосты. Астана қаласының 20-жылдық мерекесіне арналған ірі халықаралық көрмелер және «Астана – Еуразия кеңістігіндегі жаңа Елорда» атты тақырыпта халықаралық конференция ұйымдастырды.

Екіншіден, Елбасының 31 қаңтар 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы негізгі міндеттерді жүзеге асыру барысында Ұлттық музей халықаралық бәсекелестік ортаға сай болуға тырысып, халықаралық мәдени кеңістікке шығуға ұмтылды.

Үшіншіден, музей Елбасының 12 сәуір 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген жобаларды үйлестіру және жүзеге асыру аясында «Қазақстанның қасиетті географиясы» және «Қазақстанның киелі жерлері» бағдарламаларын жүргізіп, ол жобалар

бойынша 2017 жылы атқарылған жұмыстардың қортындысын шығарып, музей өз алаңында ІІ Республикалық форум өткізді. Форумға Республика деңгейінде мемлекеттік, қоғамдық ұйым өкілдері, ғалымдар және өлкетанушылар қатысты.

Төртіншіден, «НАТ Қазақстан» компаниясымен бірге «АС Музей» жүйесіне ҚР музей заттарының Мемлекеттік каталогын құру үшін Ұлттық музей заттары туралы мәліметтер ендірілуде.

Бесіншіден, 14 шілде 2014 жылы бекітілген Ұлттық музейде цифрлық инфраструктураны дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру жалғасын табуда.

ІІ. ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі жүйелі жетілдіру мен Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтауды мұрат еткен халықаралық деңгейдегі ірі мәдени орталық. Сондықтан музейдің негізгі міндеттерінің бағыттары:

- Заманауи жаңа жағдайда музей қызметінің жаңа модельдерін игеру және келешек дамуын қамтамасыз ету;
- халықаралық деңгейде мәдени құндылықтар мен тарихи-мәдени мұраны насихаттау;
- Астан қаласының, еліміздің түрлі өңір тұрғындары мен қала қонақтарының тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын ояту және оны өзекті ету;

Осы міндеттер аясында музей 2018 жылы өз қызметін төмендегі мәселелерге бағыттады:

- сапалы және алуан түрлі экспозициялық-көрме өнімдерін жасау;
- ғылыми ағартушылық жұмысты жақсарту мақсатында ғылыми – зерттеу және әдістемелік бағыттағы жұмыс деңгейін көтеру;
- музей қорын қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы болған раритеттік жәдігерлермен толықтырып, олардың есепке алынуын, сақталуын және қалпына келтірілуін қамту;
- тарихи-мәдени мұраны насихаттау, тарихи - рухани тереңнен тартылған тамырымызға қызығушылықты арттыру және сан-салалы халық өнерін, кәсібін, мереке мейрамдарын сақтау және жандандыру;
- музей экспонаттары арқылы қала тұрғындары мен қонақтарында өнегелі құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық, азаматтық және патриоттық сезімді тәрбиелеу;
- кәсіби ақпараттық саясат жүргізу арқылы музейдің ұнамды беделін қалыптастыру және қолдау;

II.1. ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРМЕЛІК ЖҰМЫС

Экспозициялық-көрмелік жұмыс музей қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі 2018 жылы белсенді экспозициялық-көрмелік жұмыс жүргізді.

Есеп беріп отырған уақыт аралығында ҚР ҰМ алаңында 60 тарта көрме өткізілді, оның 21 халықаралық, 14 көркем өнер туындылары, 5-қор, 5-музейаралық, 6- балаларға арналған, 8-кітап көрмелері болды.

Экспозициялық-көрме жұмыстары бөлімі

2018 жылғы 13 қаңтарда «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына арналған II республикалық форумаясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» көрмесі ашылды. Көрмеге ҚР Ұлттық музейі және ел музейлері қорларынан музейлік заттар қойылды. Бұлар - Оңтүстік Қазақстан тарихи-өлкетану музейінен Кенесары Қасымовтың қылышы, Алтынемел мемориальды кешенінен Шоқан Уәлихановтың револьвері мен қамқа белдігі, Абай Құанабаевтың құтысы сынды тарихи тұлғалардың жеке заттары.



2018 жылғы 6 ақпанда Қазақстандағы Иран Ислам Республикасы Елшілігінің ұйымдастыруымен иран миниатюрасының «Мавлана мен Сама» көрмесі ашылды. Көрмеде Иран суретшілер одағының мүшесі, Өнерді дамыту институтының және Заманауи өнер музейінің құрметті мүшесі, Жазушыларға, журналистерге және суретшілерге қолдау көрсету одағының мүшесі Бехзад Бозоргидіңирандық кескіндеменің түрлі техникаларын пайдаланып жасалған миниатюралары жұрт назарына ұсынылады.



2018 жылғы 22 ақпанда ресейлік суретші, иллюстратор Пётр Фроловтың «Дөңгеленген дүние» көрмесі ашылды. Бұл - Пётр Фроловтың 41 парақтан тұратын «Әліппе» жобасы және осылар бойынша әрбір әріпке жүздеген қызықты деталдар берілген кітап. Көрмеде «Әліппеден» басқа, автордың «Landmark», «Сарай Петербургы», «Қашып жүрген заттар», «Аңшылық және қысқы мерекелер» сияқты жаңа топтамалары ұсынылды.

2018 жылғы 3 сәуірде Сәндік-қолданбалы және халық өнерінің бүкілресейлік музейінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР Ұлттық музейі ұйымдастырған халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасын жүзеге асыру шеңберінде «Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» көрмесі ашылады.

Халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасының мақсаты шетелдік көрермендерді Еуразияның Ұлы дала

кеңістігінің ерте темір дәуіріндегі мәдени мұраларымен таныстыру. Көрмеге Есік қорғанынан табылған алтын киімді сақ жауынгері - «Алтын адам», Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорларындағы б.д.д. VII-III ғғ. алтын бұйымдарының топтамасы қойылды. Көрмеэкспозициясына XIX ғасыр мен XX ғасырдың ортасына дейінгі уақытқа жататын 170 зат кірген күмістен жасалған әйелдер әшекейлері де кірді.





Көрменің ашылуына Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Иманғали Тасмағамбетов, Ресей Президентінің халықаралық мәдени ынтымақтастық бойынша арнайы өкілі Михаил Швыдкой, РФ мәдениет министрінің бірінші орынбасары Владимир Аристархов, Қазақстан мен Ресейдің кинорежиссері Тимур Бекмамбетов қатысты.

Көрме шеңберінде т.ғ.д., археолог З.С. Самашев, ҚР Ұлттық музейінің ғалым-хатшысы З. Сұрағанова, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары М.Сағымбаева, Сәндік қолданбалы және халықтық өнердің бүкілресейлік музейінің директоры Е.Титова, ММУ профессоры А.Канторович қатысқан пресс-конференция өтті.



Көшпенділердің зергерлік өнері жауһарларының көрмесін көрермен жақсы қабылдап, БАҚ

беттерінде көп жарияланды.

Қытайда жүргізіліп жатқан реформа және ашықтық саясатының 40-жылдығына және «Бір белдеу - бір жол» бастамасының 5-жылдығына, сол сияқты Қытай және Қазақстан халықтары арасындағы өзара түсіністік пен дәстүрлерді одан әрі нығайту мақсатында Қазақстандағы Қытай Елшілігі ҚР Ұлттық музейімен бірлесіп «Таңғажайып Қытай» атты фотокөрме топтамаларын өткізді.



17 сәуірде Қытайдың шығыс және жағалау аудандарының әлеуметтік, экономикалық және мәдени құрылыстарындағы оразон зор жетістіктерін көрсететін «Таңғажайып Қытай. Аспан асты елінің тартымды орындары (Шығыс Қытай және Қытайдың жағалау аудандары)» көрмесінің I бөлімі ашылды.

2018 жылғы 15 мамырда Юнус Эмре атындағы Түркия мәдени орталығы Қазақстандағы Түркия Республикасы Елшілігінің қолдау көрсетуімен «Рухани жаңғыру» жобасының аясында «Османлы мемлекеті мен

Орта Азия хандықтары қарым-қатынасының құжаттары» атты көрме ұйымдастырды.

Түркия Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік мұрағаттар басқармасына қарасты Осман мұрағатынан алынған Қазақ ханы Мұхаммет Қайып хан мен Осман мемлекеті сұлтаны ІІ Селім арасында 1713 жылы жазылған хаттар, Түркия Мемлекеттік мұрағатынан Түркияға қазақтардың қоныс аударуы туралы құжаттар бар 40 құжат елорда тұрғындары мен қонақтарына тұңғыш рет ұсынылды.

2018 жылғы 15 мамырда Қазақстан Республикасындағы Болгария Республикасы Елшілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейімен бірлесіп ұйымдастырған «Еуропа тарихындағы болгар мәдени мұрасы. Әріптер жарығы» атты фотокөрменің ашылуы болды.



(9)

Көрме Болгария Республикасының Еуропалық Одақ Кеңесіндегі Төрағалығына (01.01-30.06.2018), Еуропа күніне мамыр), сол сияқты Болгар білім беру, мәдениет және славян жазуы күніне арналды. Экспозиция материалдары «Болгария

қалалары», «Бейнелі Болгария», «Әулие Климент Орхидский» және «Әріптержарығы» деген төрт бөлімнен тұрады. Бұл - Болгарияның мәдениетін, сәулетін, дәстүрін және көрікті орындарын таныстыратын репортаждық фотосуреттер, портреттер, жанрлық суреттер.

Астананың 20-жылдығын мерекелеу шеңберінде 2018 жылғы 16 сәуірде Жамбыл облыстық музейінде ҚР Ұлттық музейінің қорларынан «Ел жүрегі Астана» көркемөнер көрмесі өтті. Көрмеге қазақстандық суретшілердің елорданың қалыптасуы мен бүгінгі дамуын көрсететін 40-тан астам суреттері қойылды. Өткен ғасырдың 50-60-жылдарындағы қылқалам шеберлерінің көркем суреттері тың игерудің басталуына, қала құрылысына арналса, заманауи суретшілердің туындылары Тәуелсіз Қазақстанның жас астанасына арналған.




12 маусымда М. Ламиннің «Еуропа-Қазақстан: өнер мен мәдениет тоғысуы» атты көрмесі ашылды. Іс-шара Қазақстан Республикасындағы ЕО Өкілдігі ҚР Ұлттық Музейі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстандағы Франция Елшілігі мен Альянс Франсез, Innerlife салоны мен Сен-Дени қаласы әкімшілігінің қолдауымен ұйымдастырады. Іс-шара Қазақстандағы Еуропа күні, Еуропалық Одақ-Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың 25 жылдығы және 2018 жылы Еуропаның мәдени мұра жылын атап өтуіне орай ұйымдастырылған.

Көрмеде француз дизайнері-стилист Ламин М мен қазақстандық дизайнерлер бірлесіп әзірлеген биіктігі шамамен төрт метрге жететін көйлек нысандарының коллекциясы ұсынылады. Қазақстандық дизайнерлердің ішінде – Ерлан Жолдасбеков (YERLAN ZHOLDASBEK бренді), Гаухар Ахметова (KIORI бренді), Эльмира Маемерова (MIREL MAPAT бренді), Жарқын Баймаханов (JARKYN БАЙМАХАНОВ бренді), Алексей Чжэн, Лария Джакамбаева (ONE-TO-ONE бренді), Тамара Ламанукаева (TAMARA LAMANUKAEVA бренді). Алғаш рет «Еуропа: бірлік – саналуандылықта» атты көйлек нысаны көрермендерге ұсынылады. Ол – Ламин М мен қазақстандық дизайнерлердің ортақ жұмысының жемісі, көйлектің соңғы нұсқасы көрменің ашылу салтанатында өтетін қойылым барысында қорытынды кейпінде ұсынылады.



2018 жылғы 2 шілдеде халықаралық Astana Finance Days қаржы конференциясын өткізу барысында ұйымдастырылған мемлекет тарихы мен қазақ халқының мәдениетіне арналған «Қазақ рухы» атты көрме ашылды. Сақтардың Тұмар ханшайымының, Қазақ хандары Қасым, Керей, Жәнібек және Абылайдың, Алтын Орда дәуіріндегі жауынгердің көркем бейнелері тәуелсіздік пен егемендік үшін болған ұзақ уақыттық күрестер кезінде қазақ халқының сынбаған рухын көрсетеді.

17 шілдеде Қытайдың солтүстік және орталық аймақтарына арналған «Таңғажайып Қытай. Аспан асты елінің көрікті жерлері» көрмесінің II бөлімі ашылды. Бейжін, Тяньзинь қалаларының және Хэнань, Хубэй, Хунань провинцияларының суреттерінде ашықтық саясатынан кейін соңғы 40 жылдың ішінде Қытайдың Солтүстік және Орталық провинцияларының әлеуметтік, экономикалық және мәдени салалардағы зор жетістіктерімен



Эр
Құ
ай



Әне тұ
ымда
ді еск




7 ісінде
рналған
өмесінің

ашылуы болды. Жооа аймақтар арасындағы мәдени баиланыстарды нығайту, музей ісін таныту, елорда тұрғындары мен қонақтарына көпұлтты еліміздегі облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің бай қорларынан қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетіне қатысты құнды жәдігерлер мен экспонаттарды таныстыру мақсатында ұйымдастырылды.

Жобаға республикамыздың 6 аймағындағы 30-дан астам музейлер қатысты. Жобаны Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Алматы, Шығыс-Қазақстан облыстары қолдады.



Қазақстандықтар биыл тұңғыш рет Ұлттық Домбыра күнін атап өтті.



Қазақстан Президенті шілде айының алғашқы жексенбісін ұлттық мәдениет пен сәйкестікті сақтау және жандандыру идеясы төңірегінде қоғамды шоғырландыруға бағытталған Ұлттық Домбыра күні деп жариялады. 1-шілдеде ҚР Ұлттық музейі қорларынан осы күнге арналған **«Қазағымның үнісің сен домбыра»** атты көрмесі ашылды. Көрмеге Кенен Әзербайевтың, Әзілхан Нұршайықовтың, Жүсіпбек Елебековтың, Әсия Беркенованың және басқа да танымал қоғам қайраткерлерінің домбыралары қойылды.

2018 жылғы 27 мамырда Әзербайжан Республикасы Ұлттық тарих



музейінде «Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» көрмесі ашылды. Экспозиция халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасы аясында ұйымдастырылды.

Көрмеге Алтайдағы Берел және Орталық Қазақстандағы Талды-II қорымдарынан табылған сақ-скифтердің аң стилімен жасалған бірегей археологиялық жәдігерлер, Сайрам қалашығының олжалары, XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдағы әйелдердің күміс әшекейлері

ұсынылды.



2018 жылғы 12 шілдеде Шэньси провинциясы Тарихи музейінде ҚР Ұлттық музейі қорларынан халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасын жүзеге асыру шеңберінде «Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» көрмесі ашылды.


Экспозицияда Есік, Орталық Қазақстанның Талды-II қорғандарынан, Оңтүстік

Қазақстанның Сайрам қалашығынан табылған олжалар, Батыс Қазақстан облысы Тақсай-I кешенінен табылған б.д.д. VI ғасыр ортасы мен V ғасырға тән сарматтардың ақсүйек әйелі киімінің реконструкциясы ұсынылды.

2018 жылғы 1 тамызда қазақстандық суретші, иллюстратор, дизайнер Болат Мұхамедиевтің 60 жылдық мерейтойына арналған көрме өтті.

Көрмеге суретшінің «Абай Құнанбаев», «Шоқан Уәлиханов», «Мұқтар Әуезов», «Шыңғыс Айтматов», «Илияс Есенберлин», «Қадыр Мырзалиев» сынды монументальды туындылары, көрікті жерлердің фотолары, кітап иллюстрациялары қойылды. Солардың бірі Республиканың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Стальной профиль Казахстана» кітабы. Көрме шетел суретшілері қатысқан халықаралық шығармашылық симпозиумның шеңберінде өтті.





2018 жылғы 6 тамызда Тарбағатай тарихи-өлкетану музейінде Есікқорғанынан «Алтын жауынгер» көрмесінің ашылуы өтті. Көрме Астананың 20-жылдық мерекелеу шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музей қорларынан ұйымдастырылды.

Көрмеге «Алтын адам» реконструкциясымен қатар Есік қорғанынан табылған сақ жауынгерінің киімін безендірген 60-қа жуық алтын әшекейлер қойылды.



Көрменің мақсаты: тұрғындарды Қазақстанның мәдени мұрасымен таныстыру, жас ұрпақтың бойына Отанға деген мақтаныш және сүйіспеншілік сезімдерін ұялату. Көрменің ашылуына Тарбағатай ауданы әкімдігінің өкілдері, мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері, тарихшылар, ардагерлер кеңесінің өкілдері қатысты. «Алтын жауынгер» көрмесі «Семей-Қазақстан» телеарнасы, «7» радио, «Дидар», «Тарбағатай», «Семей таңы» газеттері

сынды БАҚ арқылы кеңінен жарияланды.

2018 жылғы 22 тамызда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде Экономикалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Тайбэй-Мәскеу комиссиясы өкілдігінің қолдауымен Тайвань суретшілерінің графикалық туындыларының көрмесі ашылды. Көрмені Қазақстандағы Ресей Федерациясының Елшілігі ұйымдастырды. Тайвань суретшілерінің графикалық туындыларының көрмесі өз саяхатын 2017 жылдың соңында Новосибирь қаласында бастап, Иркутск, Томск қалаларының көркемөнер музейлерінде өтті. Бұл - Ай күнтізбесінің 12 таңбасын таныстыратын 83 жұмыстан тұратын топтама.



2018 жылғы 12 қыркүйекте Бейнелеу өнері галереясында ҚР Ұлттық музейі қорларынан «Ел жүрегі Астана» атты картиналар көрмесі өтті. Көрме Астананың 20-жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылды. Көрмеге қазақстандық суретшілердің елордамыз Астананың қалыптасуы мен бүгінгі дамуын көрсететін 40-тан астам еңбектері қойылды. Суретшілердің экспозицияға қойылған ең ерте суреттері өткен ғасырдың 50-60-жылдарына тән. Олар тың игеру, қала құрылысының басталғанынан сыр шертеді.

Осылармен қатар жас елорда Астана туралы баяндайтын заманауи суретшілердің де туындылары қойылды.

2018 жылғы 10 қазанда ҚР Ұлттық музейі Польша Республикасының Гданьск қаласының Тарих музейде халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасы аясында «Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» көрмесі салтанатты түрде ашылды. БАҚ өкілдері үшін Польша



Республикасындағы ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісі Марғұлан Баймұқан, Гданьск қаласы вице-президенті (вице-мэрі) Петр Войчук, ҚР МСМ департамент директорының орынбасары Мақсат Арғынбеков, К.Ақышев ат. ҒЗИ директоры, т.ғ.к. Марал Хабдулина қатысқан брифинг өтті.

2018 жылғы 24 қыркүйекте «Еуразияның өрнек ырғақтары. Көнеден осы заманға» көрмесі ашылды. Экспозицияда Сәндік-қолданбалы және халықтық өнердің бүкілресейлік музейі (Мәскеу) коллекцияларынан және дәстүрлі өнерді, оның ішінде кілемдер мен гобелендер, тері бұйымдары, авторлық киім, керамика, зергерлік бұйымдар, көркем металл, тастан жасалған бұйымдар, оюлы ағаш, әшекейлі поднос сынды заманауи авторлық қолданбалы өнерді таныстыратын жеке топтамалардан 300-ден астам туындылар қойылады.

Көрме Еуразияның сәндік-қолданбалы және халықтық өнер жүйесінің ортақтығын көрсетті, бұл өнер туындысын безендіріп тұрған ою-өрнектерден, таңбалардан, нышандардан, мәндерден сезіледі.

Көрме шеңберінде 2018 жылғы 25-28 қыркүйек күндері ТМД-ның 9



елінен сәндік-қолданбалы және халықтық өнер саласындағы 30-дан астам жетекші сарапшылар қатысқан халықаралық «Еуразияның өрнек ырғақтары. Таңбалар. Нышандар. Мағыналар» конференциясы да өтті.

2018 жылғы 4 қазанда Қазақстандағы Корея Республикасының Елшілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейімен бірлесіп ұйымдастырған танымал гравер Ли Чольсудың «Күлімдеген әлем» көрмесі ашылды.

Ли Чольсудың бүкіл әлемге әйгілі графикалық туындыларының көрмесі қазақстандық көрермендерге тұңғыш рет ұсынылды.




Бұл - өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап 2017 жыл аралығында салынған 60 графикалық сурет.

Біртуар кәріс ағаш нақышшысы Ли Чольсу солтүстік Чхунчхон провинциясында өмір сүрген 30 жылдың ішінде өнермен айналысып жүріп, егіншілік саласында еңбек етеді. Қарапайым сызықтармен орындалған әсерлі суреттер, сол сияқты оларға жазылған керемет мәтіндер оның еңбектерінің басты ерекшеліктері саналады.

2018 жылғы 5 қазанда америкалық суретші Хант Слонемнің «Хант Слонемнің экзотикалық әлемі: кескіндеме» көрмесі ашылды.

Хант Слонем – заманауи суретші, мүсінші және график, америкалық неоэкспрессионизмнің ең әйгілі өкілдерінің бірі.



Америкалық суретшінің туындылары 2015 жылдан бастап посткеңестік кеңістіктегі көрермендер үшін де қол жетімді болды. Анималистік неоэкспрессионизм өкілінің көрмесі Қазақстанда алғаш рет 2018 жылы өткізілуде. Музейдегі көрмені суретшімен 20 жылдан астам уақыт бойы ойдағыдай бірге қызмет жасасып келе жатқан Сержа Сорокконың галереясы таныстырады. Экспозиция автордың сюжетті және стилді ізденістерінің басты мәселелерін біріктіреді де қазақстандық көрермендерге осы жарқын феноменмен танысуға мүмкіндік береді.

2018 жылғы 16 қазанда Қазақстандағы Үндістан Республикасы Елшілігі Астана қаласындағы Свами Вивеканда атындағы Мәдени орталығымен бірлесіп мхатма Гандидің 150 жылдығына арнап «Вастрам: үнді тоқымасының әсем әлемі» атты дәстүрлі үнді тоқымасының көрмесін ашты.



Үнді тоқымасы индустрияға дейінгі дәуірдегі сауда-саттықта негізгі тауар саналып, тоқылуындағы, жылтырындағы, түсіндегі нәзіктігі үшін, дизайнерлік бай әралуандылық пен бояуларының әлемде баламасы жоқ төзімділігінің арқасында бояу технологиясы үшін бағаланған. Сауда-саттық арқасында үнді мақта-мата өнімдері XVI ғасырда әлемдік тоқыма нарығының көшін бастап әлемдік деңгейге шықты.

Көрме 37 дәстүрлі үнді тоқымасынан және боялған баспа, мата мен мата емес материалдар және кесте мен әшекей сынды үш санат бойынша айрықша инсталляциядан тұратын топтамадан тұрды.

2018 жылғы 25 қазанда талантты суретші, Қазақстан Республикасының



Еңбек сіңірген қайраткері Алпысбай Қазығұловтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі бірлесіп ұйымдастырған «Көңіл көктемі» көрмесі салтанатты түрде ашылды.

А. Қазығұлов туындыларының өзіне тән даралығы бар. Сондықтан оларды оңай тануға болады. Суретшінің әлемі мен оның туындылары – әсерлердің ерекше лабиринті. Суретші шығармаларының басым бөлігі қарабайыр тіршілік көріністеріне емес, тұңғыық ойдың көркем келбетіне арналған.

Көрмеге қылқалам шеберінің 140 көркем суреті ұсынылды.

2018 жылғы 1 қарашада Қазақстандағы Латвия Республикасы Елшілігі егемен мемлекеттің құрылуының 100 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Ұлттық музеймен бірлесіп ұйымдастырған «Мемлекеттің құрылуы. ІХ-XXІ ғасырлардағы Латвия сәулеті. Латвияның танымал жерлері мен нышандары» көрмесі салтанатты түрде ашылды.



астам

кейін,



Көрмеге бай халықтық сәулет өнерін және әртүрлі сәулеттік стилдерді көрсететін Латвияның көрікті орындары мен бірегей сәулеттік сызбаларының жүзден фотосуреттері қойылды.

Қайта қалпына келтірілгеннен картина галереялары және кітапханаларға айналған

қамалдардың фотолары заманауи мәдениет пен ұлттық мұраны да көрсетеді. Көрмеден Бүкіләлемдік ЮНЕСКО мұраларының тізіміне енген ағаш ғимараттары және модерн стиліндегі ескі қаласы бар астана Риганы ғана емес, сонымен қатар шет аймақтағы қалалар мен елді мекендерді де тамашалауға болады. Латвияның жас сәулетшілері Ольгертсу Крауклису және Дайна Даннеберга Астанадағы Тың игерушілер сарайының жобасын жасаған.

2018 жылғы 2 қарашада Қытайда жүргізіліп жатқан реформалар мен ашықтық саясатының 40 жылдығы және «Бір белдеу – бір жол» бастамасының 5 жылдығының құрметіне «Қытай қазақстандықтар көзімен» атты фотокөрмесі салтанатты түрде ашылды. Қытай мен Қазақстан халықтары арасындағы өзара түсіністік пен достықты одан әрі нығайту мақсатында Қазақстандағы Қытай Елшілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейімен бірлесіп «Таңғажайып Қытай» фотокөрмелер топтамасын өткізіп келеді. «Қытай қазақстандықтар көзімен» атты арнайы көрме топтамасының бесінші бөлімі.

Көрмеге ұсынылған барлық фотосуреттер Қазақстан аумағынан жиналды. Байқауға 100-ден астам адам қатысып, 700-ден артық жұмыс ұсынылып отыр. Солардың арасынан ең үздік 100 фотосурет таңдалып, аталған көрмеге қойылды. Көрермендер осы суреттер арқылы қазақстандықтардың көзімен таңғажайып Қытайдың әсем көріністерін тамашалады.



15 ноября 2018 года прошло открытие выставки корейских традиционных масок, организованной Посольством Республики Корея в Казахстане совместно с Национальным музеем Республики Казахстан.

2018 жылғы 15 қарашада Қазақстандағы Корея Республикасының Елшілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейімен бірлесіп ұйымдастырған «Корей халқының дәстүрлі маскалары» көрмесінің салтанатты ашылды.

Маскалар әлемнің барлық жерінде бар. Маска мәдениетін барлық жерден кездестіруге болады. Алайда олардың әр елде өзіндік ерекшеліктері бар. Корей маскалары адам келбетін, мінез-құлқын, көңіл күйін, сезімдерін бейнелеп, қойылымдарда қарапайым халықтың өмірін әзіл түрінде көрсетеді.

Чосон династиясы кезеңіндегі корейлердің дәстүрлі маскаларының 61 аталымы ұсынылды.



Көрме ашылғаннан кейін Корея Республикасы Елшілігінің қызметкерлері корей маскаларын дайындау бойынша шеберлік сабағын жүргізді.

2018 жылғы 23 қарашада «InDiGo» жеке көркемөнер мектебі оқушыларының «Сіздер нені күтесіздер?» атты плакаттар көрмесі өтті.



Көрмеге «InDiGo» мектебі оқушыларының кескіндеме және графикалық стилистикада жасаған әлеуметтік плакат жанрындағы 28 туындысы ұсынылған. Тақырыптары әртүрлі - экологиялық тақырыптан бастап қазіргі жастарды толғандыратын мәселелерді ашып көрсететін үгіт насихат-ағарту

тақырыптарына дейін қарастырылған.

Мектеп оқушылары өздерінің туындылары көрермендердің жүрегінен орын алады деп сенеді және әлемді жақсарту, таза әрі қауіпсіз ету үшін қазіргі замандағы мәселелерге немқұрайлылық танытпауға шақырады.

«Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрмесі Корея Республикасы Ұлттық музейінде 2018 жылғы 26 қарашадан бері өтіп жатыр және 2019 жылғы 24 ақпанға дейін созылады.



2018 жылғы 29 қарашада Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 27-жылдығына арналған «Елді өзгерткен адам. Нұрсұлтан Назарбаев Sputnik объективінде» фотокөрмесі ашылды.



2018 жылғы 4 желтоқсанда Қытай Халық Республикасы



Елшілігі ұйымдастырған «Таңғажайып Қытай – Тартымды Синьцзян» атты фото көрмесі салтанатты түрде ашылды.

6 желтоқсанда «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы бойынша қор көрмесі ашылды.

20 желтоқсанда халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасы бойынша қорытынды пресс-конференция шеңберінде фотокөрме ұйымдастырылды.



21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорларынан саясат және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеновтың өмірі мен қызметіне арналған конференция аясында Ақмола облысы Аршалы кентінде көшпелі көрме ұйымдастырылды.



Имидждік жұмыс:

Экспозиция және көрме бөлімінің меңгерушісі Т.Т. Әділбекованың медиа-сұхпаттары:

2018 жылдың 5 қазанында «24 KZ» ТК-на, «Казахстанская правда» газетіне;


2018 жылдың 16 қазанында «Вестрам: үнді тоқыма бұйымдарының ғажайып әлемі» көрмесі туралы «Evening Astana» газетіне;

<https://vechastana.kz/kak-organizovat-personal-nuyu-vystavku/> «Жеке көрмені қалай ұйымдастыруға болады» атты 11/06/2018 «Evening Astana» газетіне;

Заманауи өнер бөлімі

Көрме жұмысы

- Георгий Соковтың жеке «Қарапайым өмірді дәріптеу» көрмесінің ашылуы (Қостанай қ.) (1.03-1.04)



Көрме Қазақстанның әртүрлі әкімшілік аймақтарындағы суретшілер шығармашылығын насихаттауға арналған жоба аясында ұйымдастырылды.

Көрмеде суретшінің 30 жылдық еңбегінің жемісі саналатын сериялы «Қостанай базарлары» атты акварельдік жұмыстары қойылды. Жұмыстар қаланың қоғамдық орындарының күнделікті көріністерін, атап айтқанда, қалалық базарлардың атмосферасын бейнелейді. Автордың айтуы бойынша, базар – күнделікті күйбең тіршілігімен айналысып жүрген қарапайым адамдардың топтасатын және лакмус қағазы сияқты белгілі бір уақыттың өзіндік ерекшеліктерін бере алады.



- Астана қаласының Суретшілер одағымен бірлескен Наурыз мерекесіне арналған «Сезімдерді жаңғыртып» көрмесі (15.03 – 30.04)



Көрмеге табиғаттың көктемгі ояну тақырыбын, сондай-ақ Наурыз мерекесін тойлаудың ұлттық дәстүрлерін ашып көрсететін 50-ден астам картиналар мен мүсіндер ұсынылады. Экспозицияға реалистік түрде және абстрактілі түрде де орындалған жұмыстар кірген. Көрмеге Айтуаров Ерлан, Байтенов Мәжит, Батанов Тілеужан, Бурдесбеков Бақытнұр,

Ерлан Назаркұл сынды танылған, Анар Әубәкір, Гүлмарал Татибаева, Әсем Абдуллаева сынды жас суретшілердің жұмыстары қойылады.

- Выставка Молдакула Нарымбетова «**Черные вихри на синем или зелено-голубом фоне**» в музее современного искусства «Эрарта» г.Санкт-Петербург, Российская Федерация (30.03-6.06).

Заманауи өнердің «Эрарта» музейінде (Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қ.) Молдақұл Нарымбетовтың «**Көк немесе жасыл-көгілдір фондағы кара құйындар**» көрмесі (30.03-6.06).




Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі заманауи өнердің «Эрарта» музейінде Молдақұл Нарымбетовтың «Көк немесе жасыл-көгілдір фондағы кара құйындар» көрмесін ашты. *Көрме* «Қазақстан заманауи өнері тарихындағы тұлғалар» атты музей жобасын жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылды.

Экспозицияда суретшінің көркем сурет, инсталляция, мүсін, сол сияқты өзі қатысқан перфоманс-видеолары сынды маңызды туынлары болды.



- . Мүсінші Еркін Мергеновтің «Еркін Мергенов. Уақытты сезіну» көрмесі (19.04-23.07).

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі «ЕРКІНДІК» қорымен бірлесіп Қазақстанның Халық суретшісі Еркін Мергеновтің «Еркін Мергенов. Уақытты сезіну» көрмесін ашады. Музей осы көрмемен Қазақстан өнеріне ерекше үлес қосқан суретшілердің шығармашылығын көпшілікке түсіндіріп таратуға бағытталған «Қазақстан заманауи өнері тарихындағы тұлғалар» жобасын жалғастырады.



- «Третьяков галереясы топтамасынан XX ғасырдың 50 жауһары» деп аталатын көрмесі (6.06 – 17.09).




Астананың 20-жылдығын мерекелеу шеңберінде Тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет атақты және бұрыннан келе жатқан Мемлекеттік Третьяков галереясы топтамасынан бірегей көркемсуреттер ұсынылды. «Третьяков галереясы топтамасынан XX ғасырдың 50 жауһары» көрмесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдау көрсетуімен ұйымдастырылды.

Экспозицияда «Қиық балта» көркемсурет бірлестігіне кірген орыс авангардының дүние жүзіне танылған суретшілері Петр Кончаловский, Илья Машков, Александр Куприн, Роберт Фальк және Аристарх Лентуловтардың туындылары таныстырылды. Сол сияқты бала күнімізден жақсы таныс Федор

Решетниковтың «Тағы да екілік», Татьяна Яблонскаяның «Танертең», Владимир Стожаровтың «Зығыр», Аркадий Пластовтың «Тракторшылардың кешкі асы» және тағы басқа хрестоматиялық көркем суреттері бар.

• Гран Пале топтамасынан «Поль Серюзье және Бретань: Аңыздардың сиқыры» көрмесі (28.06 - 30.09.).




Астананың 20-жылдығын мерекелеу шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Елисей даласындағы Үлкен Сарай – Гран Пале Ұлттық музейлер бірлестігімен бірлесіп «Поль Серюзье және Бретань: Аңыздардың сиқыры» көрмесін ұсынды. **Көрме** алғаш рет елорда тұрғындары мен қонақтарын мемлекеттік және француздардың жеке коллекцияларынан 50-ден астам туындыны біріктіріп, француз көркемсурет мектебінің ең жарқын беттерінің бірімен таныстырды.

Экспозицияның басым бөлігін ойшыл-суретші, наби қозғалысының көрнекті өкілі француз өнеріне ерекше дүниені сезіну енгізген Поль Серюзенің туындылары құрады. Сол сияқты көрмеге «Наби» көркемсурет тобының Жорж Лакомба, Генри Морват, Морис Дени, Огюст Казалис, Эмиль Бернар сынды мүшелерінің еңбектері, сондай-ақ постимпрессионизмнің ең ірі өкілі, өз шәкірті **Поль Серюзенің** шығармашылығына үлкен әсер еткен Поль Гогеннің туындылары да ұсынылды.






• «Көшпелі кезеңнен кейінгі көкжиектер» көрмесінің ашылуы (Лондон) (18.09-16.10).



Ұлттық музейі ел тарихында тұңғыш рет халықаралық арт-сахнада XX ғасырдың 30-жылдарынан бүгінгі күнге дейінгі отандық бейнелеу және заманауи өнеріне шолу жасайтын кең көлемді ҚАЗАҚСТАН ФОКУСЫ жобасын ашты. ҚАЗАҚСТАН ФОКУСЫ Рухани жаңғыру бағдарламасының Қазақстан өнерін әлемдік мәдени және интеллектуалды кеңістікке танытуға бағытталған арнайы «Жаһанданған әлемдегі қазақстандық заманауи өнер» жобасының шеңберінде жүзеге асырылды.

«Көшпелі кезеңнен кейінгі көкжиектер» көрмесі ҚАЗАҚСТАН ФОКУСЫ жобасы бастамасының бір бөлігі және заманауи суретшілер мен олардың алдындағы кеңестік кезең суретшілер арасында паралель диалогтар жасай отырып, Қазақстанның заманауи өнерін таныстырады. Көрмеге 32 суретші ұсынылды, олардың арасында Алмагүл Меңлібаев, Ербосын Мелдібеков, Гүлнұр Мұқажанова, Сәуле Сүлейменова және Аза Шаденова бар. Бұлардың барлығы көркемсурет, фото, мүсін, инсталляция және видео сынды әртүрлі бағытта жұмыс жасай отырып қазақ постмодернизмінің ортақ тілін пайдаланады.



- **«НАН мен РАУШАН ГҮЛДЕР»** көрмесінің ашылуы, Берлин, Бетания суретшілер үйі, МОМЕНТУМ галереясы (25.09-20.10).





«НАН МЕН РАУШАН ГҮЛДЕР» көрмесі – бұл қазақстандық әйел суретшілердің төрт буынының 1945 жылдан қазіргі күнге дейінгі аралықта жасаған еңбектерін зерттеу нәтижесі. Көрме модернистік өнердің де, сол сияқты қазақтардың заманауи өнері мен мәдениетінің жаңа келешегін таныстырып қана қоймайды, сонымен қатар посткеңестік және отарлықтан кейінгі шеңбердегі әйелдер жасаған өнерді қарастыру үшін өте кең үлгілерді ұсынды.



• «Толғаныстар топтамасы: Тарихты сөйлетсек» көрмесінің ашылуы, Джерси-сити (АҚШ) (14.10-30.11).

Көрме құрамына Молдақұл Нарымбетов, Виталий Симаков, Исмайыл Баялиев, Арыстанбек Шалбаев, Саид Атабеков кірген аңызға айналған қазақстандық заманауи өнердің «Қызыл Трактор» тобының шығармашылығымен таныстырды. Көрме Нью-Йорктегі жыл сайын өтетін Азия өнерінің апталығы (АСАВ) аясында өтті.





- «Еуразия утопиясы: Post Scriptum» көрмесінің ашылуы, (Сувон, Оңтүстік Корея) (27.11.2018-03.03.2019).

«Еуразия утопиясы: Post Scriptum» көрмесі модернизмнің халықаралық тілін біріктірген суретшілер шығармашылығының зерттелуін және Қазақстан мәдениетінің жергілікті ерекшеліктерін таныстырды. Әлемдік тәжірибеде мұндай көрсеткішті өнерді «local modernity» - жергілікті жаңартпа немесе жергілікті модернизм деп атау қабылданған.





Конференциялар, семинарлар және лекцияларды ұйымдастыру, өткізу және қатысу

1. Қазақстан суретшілері үшін арт-резиденциялардың ашылуы (1.06-30.09).

ҚР Ұлттық музейі бірінші рет қазақстандық суретшілер үшін шетелде арт-резиденцияның ашылуына бастамашылық жасап отыр. Суретшілер 1 маусымнан 30 қыркүйек аралығында Бетания суретшілер үйінде (Берлин) екі ай бойы жаңа білім, дағды мен тәжірбие жинау мүмкіндігіне ие болады. Арт-резиденция бағдарламасын МОМЕНТУМ Тайм-Бейсд жасап дайындады. Арт-резиденцияларға қатысқандар: Бейбіт Әсемқұл, Лилия Ким, Ықылас Шайкиев, Анар Әубәкір, Сәуле Сүлейменова, Гүлмарал Тәтібаева.



Оқу барысында резиденттер әлемдік заманауи өнердің даму үрдістерімен танысты, заманауи ақпараттық-коммуникация технологияларының (немесе медиа) көмегімен, негізінен видео, компьютер және мультимедиалық технологиялар, ғаламтор арқылы туындылар жасау бойынша үлкен тәжірбие жинақтады, сол сияқты көркем нақыштарды (металға НАҚЫШ, линогравюра, ксилография және т.б.) әртүрлі тәсілдермен басып жасау үшін жабдықталған шеберханаларда жұмыс жасауды үйренді. Арт-резиденция нәтижесі бойынша суретшілердің ең үздік жұмыстары таңдалып алынды да МОМЕНТУМ галереясындағы ұжымдық көрмеге қойылды.



2. «Поль Серюзье және Бретань: Аңыздардың сиқыры» көрмесінің ашылуы шеңберіндегі лекция (26.06, 29.06, 30.06).

1) Лекция суретші Поль-Эли Рансонның шығармашылығына арналған, лектор Марк-Оливье Рансон-Биткер.

2) Поль Гоген. Экзотиканы іздеу жолында. Бретаниден Таитиге және Маркиз аралдарына дейін» лекциясы, суретшінің ізденістері туралы Каролин Бойль-Тюрнер айтып берді.

3) «Поль Серюзье – ағаш шәркей киген суретші» лекциясы, лектор Каролин

Бойль-Тюрнер.

Каролин Бойль-Тюрнер - Серюзье Комитетінің президенті және «Поль Серюзье және Бретань: Аңыздардың сиқыры» көрмесінің комиссары

3. Мемлекеттік «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Жаһанданған әлемдегі Қазақстанның заманауи мәдениеті» жобасы бойынша брифинг (30.05).

Брифинг жобаның басты міндеттерін көрсетіп берді:

- әлемдік қауымдастықтың қызығушылығын тудыру және отандық өнердегі әрқилы суреттер жасайтын суретшілер туралы мол мәліметтер беру;

- «Жаһанданған әлемдегі Қазақстанның заманауи мәдениеті» жобасы еліміздің бет-бейнесін бірегей мәдени әлеуеті бар ел ретінде қалыптастыру үшін отандық өнерді әлемдік мәдени және интеллектуалды кеңістікке танытуға бағытталған.

Спикерлер: Леонид Кочетов, Роза Абенова, Дэвид Эллиотт, Доктор Рэйчел Ритс-Волох, суретші Алмагүл Меңлібаева.

Брифинг барысында Қазақстан Фокусы жобасы аясында көрме өтетін елдер мен қалалар жарияланды: Лондон (Ұлыбритания), Берлин (Германия), Джерси-Сити (АҚШ), Сувон (Оңтүстік Корея). Сол сияқты брифинг жұмысы барысында жоба кураторлары мен арт-резиденцияға қатысушыларды жарияланды.



4. BREAD & ROSES: Four Generations of Kazakh Women Artists & the Focus Kazakhstan Artist Residency Show (Нан мен раушан гүлдер: Қазақ

суретші әйелдерінің төрт буыны және Қазақстан Фокусы жобасына қатысуы суретші-резиденттердің шоуы) симпозиумын ұйымдастырып, өткізді. (30.06).



5. Халықаралық «Creative central Asia» конференциясына қатысып, баяндама жасады. Astana forum (16.11-17.11).

«Creative central Asia» конференциясында Р.Т.Абенова баяндама жасап, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының отандық бейнелеу және заманауи өнерге шолу жасайтын еліміздің бет-бейнесін бірегей мәдени әлеуеті бар ел ретінде қалыптастыру үшін отандық өнерді әлемдік мәдени және интеллектуалды кеңістікке танытуға бағытталған арнайы «Жаһанданған әлемдегі Қазақстанның заманауи мәдениеті» жобасы аясындағы кеңкөлемді халықаралық ҚАЗАҚСТАН ФОКУСЫ көрме жобасын таныстырды.



6. «SIMA» музейінде корей БАҚ-тары үшін пресс-конференция өткізілді (Сувон, Оңтүстік Корея) (28.11.2018).

Журналистерге халықаралық ҚАЗАҚСТАН ФОКУСЫ көрме жобасы және соның аясында ашылған «Еуразия утопиясы: Post Scriptum» көрмесі таныстырлды. Журналистермен диалог жасалды, БАҚ өкілдерінің

сұрақтарына жауап берілді. Сол сияқты музейіне ҚР Ұлттық музейі ұйымдастырған көрмелердің каталогтары сыйға тартылды.



«Музейдегі түн» акциясы (18.05.2018)

Орталық қызметкерлері қазақстандық танымал суретшілер туындыларынан алынған 5 көркем пазл жасап дайындады. Бұл шараның мақсаты: қазақстандық суретшілердің шығармашылықтарын және олардың туындыларын көпшілікке таныту. «Art puzzle» ойыны өткізілді. Осы ойынды өткізу үшін музей қорларынан 6 көркем сурет таңдап алынды:

М. Хитахунов «Шығыс базары», А. Ғалымбаева «Бауырсақтар натюрморты», А. Ғалымбаева «Гүлдер көрмесінде», Г.Исмаилова «Сәлдегүлдер», В. Товтин «Целиноград құрылысы», Нұрахмет Н. «Құрақ көрпе».

Компьютерлік бағдарлама көмегімен сандық жүйеге көшірілген туындылардың суреттері пазл қағидасымен бөлінді де тығыз картонға басып шығарылды.

«Өзіңді суретші сезін» ойынын өткіз. Ойынды өткізу үшін музей қорларынан 5 көркем сурет таңдап алынды:

М. Хитахунов «Нан», Е. Сидоркин «Алпамыс», Г. Құсаинова (ГаБо) «Көкпарда», К. Базарғалиев «Сатылатын өнер № 2», А. Сыдыханов «Уран-Қарасай».



II.2. ҒЫЛЫМИ – МЕТОДИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Археология және этнология секторы

2018 жылдың маусым және қыркүйек айына дейінгі аралықта «Археология және этнография» бөлімінің ғылыми қызметкерлері 5 археологиялық экспедицияларға қатысты. Олар: Археологиялық қазбалар. Қырықкүнгір. Шығыс Қазақстан, Абай ауданы (маусым, П. Мұсырманқұл);



- «Элитные сакские курганы Восточного Казахстана» жоба аясында қазба жұмыстары жүргізілді (Шығыс Қазақстан, Аягөз ауданы, Ақшатау ауылы, Қырық оба, маусым-шілде, А. Құрманғалиев); Археологиялық қазбалар. Жарықтас қорғаны, Шығыс Қазақстан, Жарма ауданы (маусым-шілде, П. Мұсырманқұл А. Хурметбек);
- Археологиялық қазбалар . Шығыс Қазақстан, Абай ауданы (тамыз-қыркүйек, А. Хурметбек);
- Археологиялық қазбалар. Запорожье ескерткіштері, Ақмола обласы, Жақсы ауданы (шілде, П. Мұсырманқұл).



Ғылыми іс-сапарлар

- **Наурызда** ғылыми қызметкер Қ. Ерғазы «Национальные традиции Великой степи» атты халықаралық форумға қатысып, баяндама жасады;
- **21 мамыр мен 23 мамыр аралығында** ғылыми қызметкер П. Мұсырманқұл «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» атты халықаралық көрмеге қатысты, Әзірбайжан, Баку;

- **09 шілде мен 12 шілде** аралығында кіші ғылыми қызметкер А. Джанеева «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» атты халықаралық көрмеге қатысты, ҚХР, Сиянь қаласы;



- **01 шілде мен 14 шілде** аралығында ғылыми қызметкер Б. Нұрғожина “Museum Network Fellowship at the National of Korea” атты халықаралық тағылымдаман өтті. Тағылымдама мақсаты: музей



қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру және музейімен таныстыру;

- **22 тамыз бен 30 тамыз** аралығында кіші ғылыми қызметкер Г. Ибраева музей ісі бойынша халықаралық семинарға қатысты (Пекин, Чанчунь, Харбин);



- **04 қазан** аралығында ғылыми қызметкер А. Көптілеуова Жапонияның Мәдениет жөніндегі Агенттіктің ұйымдастыруымен өткізілген «Исследование, сохранение и управление археологическими объектами» атты тақырыпта Азия мен Тынық мұхиты аудандарында мәдени мұраны сақтау бойынша жас мамандарды даярлайтын курстардан өтті (Мәдени құндылықтарды зерттеу, сақтау және қалпына келтіру орталығы);





09 қазан мен 13 қазан аралығында кіші ғылыми қызметкер М. Кусайнов «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» атты халықаралық көрмеге қатысты, Польша, Гданьск қаласы;

10 қыркүйек 14 қыркүйек аралығында Қ. Ерғазы «Этногенез и этническая история народов Кавказа» атты I Халықаралық Нах ғылыми конгресіне қатысты;



18 қазан мен 20 қазан аралығында кіші ғылыми қызметкер Г. Ибраева «Ұлы Жібек жолының ортағасырлық қалалары» атты халықаралық конференцияға қатысты.

2018 жылы аға ғылыми қызметкер Р. Дуванбеков философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу мақсатында грантқа оқуға түсті.

29 наурызда «Археология және этнография» секторының қызметкерлерімен «Наурыз – Ел Ұлықтаған Ұлы күн» республикалық ғылыми конференцияның материалдарының ғылыми жинағы құрастырылып, баспадан шығарылды;

Қазіргі уақытта 3D өрісті бекіту екі альтернативті технологияны - бүкіл әлем бойынша жүздеген ғылыми жобаларға жақсы нәтижелер көрсететін үш өлшемді сканерлеуді және жердегі фотограмметрияны белсенді түрде қолданады.

Біздің зерттеуімізде фотограмметрия әдісі қолданылды. Бұл әдіс әлдеқайда қолжетімді және арзанырақ, сонымен бірге дәлдігі төмен емес, әсіресе ірі және күрделі объектілердің 3D модельдерін жасау туралы айтылған кезде.

Музейдегі объектілердің 3D моделін пайдалану мұражайдың келушілерінің ақпаратты қабылдаудың жаңа деңгейіне мүмкіндік береді,

мұражай жұмысын сапалы деңгейде ұйымдастыруға болады. Жасалған үш өлшемді нысандар сізге археологиялық объектіні бейнелеуге және оның орналасуын, үлгісін музейдегі экспозицияға, Интернет-сайтқа, жергілікті тарих бойынша электронды оқулықта ұсынуға мүмкіндік береді.

Үшінші бағыт - қазақ халқының этнографиясы. Ақмола облысында өңделген материалдар өңделді. Арнайы әзірленген сауалнама деректері бойынша 150 сауалнама жүргізілді, 100 сауалнама толтырылды, дәстүрлі рецептер мен аймақтағы қазақ ұлттық тағамдарының 10 ыдысын дайындауға арналған технологиялар жазылды.

Зерттеулер жинақталды, содан кейін келесі блоктар туралы ақпараттар өңделіп, баяндамада ұсынылды:

- зерттелген аймақтың ауылдарының тарихы мен экономикасы отбасылық рәсімдерде және мерекелерде этностық және инновацияны үйрену. ұлттық тағамдарды, маусымдықты, диетаны және азық-түлікпен байланысты рәсімдерді дайындау үшін рецептілер мен технологияларды жинау (фото және бейне жазу);

- зерттелген аймақтың фольклорлық мұрасын бекіту;

- қазіргі жағдайды және өнер және қолөнерді және дәстүрлі киімді сақтау

Сонымен қатар, жұмысқа дәстүрлі тағам, отбасылық және тұрмыстық салт-дәстүрлер туралы және тиісті информаторлардың сөздерінен фольклор туралы ақпарат бар бейнематериалдар кіреді. Бұл жұмыстар ішкі және шетелдік мақалаларда ғылыми журналдарда көрсетіледі.

Ғылыми-экспозициялық және көрмелік жұмыстары

Халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме каталогының топтамасы шығарылды.

1. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары. Көрме каталогы. Мәскеу қаласы.
2. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары. Көрме каталогы. Мәскеу қаласы. Польша. г. Гданьск.
3. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары. Көрме каталогы. Мәскеу қаласы. Оңтүстік Корея Республикасы. Сеул қаласы.
4. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары. Көрме каталогы. Мәскеу қаласы. Қытай, Сянь қ.
5. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары. Көрме каталогы. Мәскеу қаласы. Баку қ.

Халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасының қорытындысы бойынша пресс-конференцияның және халықаралық «Ежелгі өркениеттер тоғысындағы Ұлы Дала елі» ғылыми конференциясы: Негізгі мақсат – аталған шеру бойынша жүргізілген жұмыстарды қорытындылау, нақты мақсаттарды айқындау.

Басқосудың соңы қазақстандық және шетелдік музей мамандарының пікір алмасуына ұласып, өз кезегінде Әзербайжан тарихы Ұлттық музейі директорының орынбасары Махфуза Зейналова, Бүкілресейлік қолданбалы-

сәндік және халықтық өнер музейінің кеңесшісі Галина Андреева, Беларусь Ұлттық көркемөнер музейі директорының орынбасары Сергей Вечер, Қытай елінен келген музей маманы Ван Чжинсун, Корея Ұлттық музейінің Азия өнері департаментінің директоры Чой Сеон Джу, еліміздің танымал археологі З.Самашев, В.Зайберт, С. Жауымбаев, М.Елеуов және т.б. өз ойларын ортаға салды.

Ұйымдастыру жұмыстары (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар)

Іс-шаралар бойынша жыл бойы **есептік конференция** сәуір айында ҚР Ұлттық музейінің 2017 жылы атқарылған жұмыстары мен жеткен жетістіктері бойынша есептік конференция өткізілді. Сондай-ақ ҚР Ұлттық музейінің және музей ғалымдарының ғылыми еңбектерінен кітап көрмесі жасалды. «Дәстүрлі музыкалық мұра» атты арнайы музейлік бағдарлама аясында Лекция-концертті жүргізуші: Амандық Көмекұлы – жырау, Қазақ Ұлттық өнер университеті және Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының профессорымен кездесу ұйымдастырылды. **«Шертерші Ербол Мұхамедиевпен кездесу» атты лекция концерті өткізілді.**

Тамыз айында Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы аясында «Ұлттың ұлы мұрасын қадірлейік» атты іс-шара өткізілді. Шараның мақсаты бүгінде ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарды насихаттау болды. Ұрпақтан ұрпаққа аманат болған халық қазыналарының үлгісін көпке көрсету үшін аталған шараға Түркістан облысы Сарыағаш қаласының «Домалақ АНА» әжелер тобы арнайы шақырылды. Шара барысында рухани мұраларымызды зерттеу, сақтау мен жаңғырту бойынша көрме, шеберлік сабақтар, «Ұмыт қалған әндер» концерттік бағдарламасы, «Дәстүрінді сақтай біл» атты сахналық қойылым ұйымдастырылды. **«Тұсау кесер» рәсімі** іс-шара барысында қазақ халқының ежелден келе жатқан тұсау кесу дәстүрі практикалық тұрғыда көрсетіліп, насихатталды. **«Музейдегі түн»** Іс-шара барысында Қазақ ұлттық хореография академиясымен бірлесе отырып, қазақ халқының ұлттық биінен шеберлік сағаттары көрсетілді.

«Ұлттың ұлы мұрасын қадірлейік» атты іс-шара тамыз айында Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы аясында «Ұлттың ұлы мұрасын қадірлейік» атты іс-шара өткізілді. Шараның мақсаты бүгінде ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарды насихаттау болды. Ұрпақтан ұрпаққа аманат болған халық қазыналарының үлгісін көпке көрсету үшін аталған шараға Түркістан облысы Сарыағаш қаласының «Домалақ АНА» әжелер тобы арнайы шақырылды. Шара барысында рухани мұраларымызды зерттеу, сақтау мен жаңғырту бойынша көрме, шеберлік сабақтар, «Ұмыт қалған әндер» концерттік бағдарламасы, «Дәстүрінді сақтай біл» атты сахналық қойылым ұйымдастырылды. **«Еуразияның өрнек ырғақтары. Көнеден осы заманға» көрмесі** Экспозицияда **Сәндік-қолданбалы және халықтық өнердің бүкілресейлік музейі (Мәскеу)** және **Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі (Астана)** коллекцияларынан және дәстүрлі өнерді, оның ішінде кілемдер мен гобелендер, тері бұйымдары, авторлық киім, керамика, зергерлік

бұйымдар, көркем металл, тастан жасалған бұйымдар, оюлы ағаш, әшекейлі поднос сынды заманауи авторлық қолданбалы өнерді таныстыратын жеке топтамалардан туындылар қойылады. Экспонаттардың жалпы саны 300-ден астам.

«Алтай-Қобда қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» атты кітап тұсаукесері аталған серияның 4-ші шығарылымында Моңғолиядағы қазақтардың шертпенің алтайлық үлгісіндегі 321 домбыра және сыбызғы күйлері алғаш рет жинақы түрде толыққанды еңбек ретінде жарияланып отыр.

Кітапты Қобда бетіндегі қазақтардың күй өнерін алпыс жыл бұрын алғаш ғылыми зерттеуді бастаған, ел ішінен сол қалпында, еш өзгеріссіз жинақтаған, нотаға түсірген қайраткер, алдыңғы буын ағаларымыздың жазуы еңбектің құндылығын арттыра түссе керек.

Мұсайып Хұсайынұлы – күйші, сазгер, дирижер, Қазақстан және Моңғолия композиторлар одағының мүшесі. Моңғолиядағы қазақтар тарихында алғаш рет опера, балет, симфониялық шығармалар жазып музыка өнерін кәсіби деңгейде дамыту ісіне елеулі еңбек сіңірген қайраткер. 100-ден астам авторлық және халық ән-күйлері мен классикалық шығармаларды оркестрге өңдеп түсірді.

Қабыкей Ахмерұлы – күйші, сазгер, Моңғолияның еңбек сіңірген әртісі, 30 күй мен 20 әннің авторы. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары Моңғолия қазақтарының ән және күйлерін алғаш жинақтап, құрастырған қайраткер. Қабыкей Ахмерұлы 2012 жылы Атамекенде қайтыс болды.

Ақпараттық-біліми жұмыстары

«Домбыра үйрену» курстары. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында оқушылар бойында туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікті арттыру және патриоттық сезімді қалыптастыру үшін Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімімен мектеп оқушыларына арналған «Домбыра үйрену» үйірмесі жүргізілді. «Домбыра үйрену» үйірмесінің бағдарламасы аптасына 1 сағаттан, барлығы 34 сағат.

Қызметкерлер сонымен қатар университеттің студенттеріне арналған археологиялық зерттеулер жүргізудің археологиялық және этнографиялық тәжірибесін жүргізеді. Ректордың №158 бұйрығына сәйкес 05.16.18г. Кафедраның аға оқытушысы Б.А.Елеусовтың жетекшілігімен «Студенттерді тәжірибеге жіберу туралы», 04.06.2018-16.06.2018ж. Аралығында 5В011400 Тарих мамандығының 2 курс студенттері Қараторғай ауылына жіберілді. Қазақстан Республикасы БАҚ Қызметкерлер мәдени құндылықтарды насихаттау бойынша жұмыс жүргізеді.

Имиждік жұмысы

«Жұмбақ жер». Тарихи-танымдық реалити-шоу (2018 ж) 03-08-2018
<https://www.youtube.com/watch?v=pga3UIkCA&index=9&list=PLm8b4TrIR2Aft-J4IIacNcWWor1JT8Uog> , <https://youtu.be/1p4hg4Zeu4k>,
https://youtu.be/ty_ldygA8Ts, <https://youtu.be/KU6wi4MpwOU>

<https://youtu.be/G2Y0bJAfksE>, <https://youtu.be/7yiLOCyomo4>
<https://youtu.be/h0kiduFJDEA>, <https://api.kz/index.php/ru/novosti-9/item/534-uchebnaya-arkheologo-etnograficheskaya-praktika>

II.4. ҚОР ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСЫ

Жинақтау және жаңа түсімдер бөлімі

Есептік кезең аралығында жинақтау және жаңа түсімдер бөлімінің қызметкерлері музей қорын толықтыру мақсатында жәдігерлер жинақтау жұмыстарын жүргізді.



Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы аясында Астана тарихына қатысты музейлік маңызы бар заттар жинақтауда кешенді жұмыстар жүргізілді:

- 1) тарих ғылымдарының докторы, археолог К.Ақышевтың жеке заттары;
- 2) «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайының ашылуы;
- 3) «Нұрлы жол» теміржол вокзалының ашылуы;
- 4) «Алау» мұзайдыны сарайының ашылуы;
- 5) «Астана - Балет» театрының ашылуы.

2018 жылдың 12-19 наурызы аралығында музей қорын толықтыру мақсатында жинақтау секторының жетекшісі Ж.Д.Майханова, сектор қызметкері Т.Е.Сұлтанғали Алматы қаласында Жамбыл облысынан шыққан Қазақстанға танымал тұлғалардың ұрпақтарынан музейлік маңызы бар заттар жинақтады.

Сыйға берілген жәдігерлердің ішінде Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының түпнұсқа қолжазбасы (1946 ж.), өзінің қолы қойылған кітаптары, әскер жылдарындағы фотосуреттері және жеке заттары; Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның жеке заттары, портфелі, қолжазбасы, дипломы; Қазақстанның Еңбек Ері, актер Асанәлі Әшімовтың кітаптары, «Қыз-Жібек» фильміндегі фотосуреттердің түпнұсқасы, афиша, қалам, қолжазбалары; ғалым Нығметолла Киікбаевтың бас киімі және қолжазбасы; академик Аягүл Миразованың басылымдарының жинақтарын атауға болады.

2018 жылдың 16 сәуірінде Тараз қаласында «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы өткізілді және акцияға қатысушылардың сыйға тартқан жәдігерлерінен уақытша көрме ұйымдастырылды.



Тараз қаласында өткен «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы

Өткізілген акция аясында музей қоры танымал жазушылардың, ғалымдардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, спортшылардың өмірі мен шығармашылығына қатысты музейлік маңызы бар заттармен толықты.

Акцияға **25** қатысушы атсалысты. Акция барысында белгілі тарихи тұлғалар Бауыржан Момышұлы, Күләш Ахметова, Әкім Тарази, Шерхан Мұртаза, Қаратай Тұрысов, Нығметолла Киікбаев, Гүлжан Әспетова, Саду Шәкіров, Жазылбек Қуанышбаев, Асанәлі Әшімов, Ағаділ Сухамбаев, Арғынбай Бекбосын, Аягүл Миразовалардың музейлік маңызы бар заттары сыйға берілді.



Кеңес Одағының Батыры Жазушы Шерхан Мұртазаның портфелі
Бауыржан Момышұлы қолданған кесе



Жазушы Әкім Тарази қолданған бәкі

Тараз қаласында өткен «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы бойынша жинақталған **293** музейлік маңызы бар заттың **202 с.б.** негізгі қорға, **91 с.б.** ғылыми көмекші қорға қабылданды.

2018 жылдың 21-29 тамыз аралығында музей қорын толықтыру мақсатында жинақтау және жаңа түсімдер бөлімінің жетекшісі Р.А.Төлепбергенова, есепке алу бөлімінің қор сақтаушысы З.К.Молдабаева Алматы қаласында Алматы облысынан шыққан Қазақстанға танымал тұлғалардың ұрпақтарынан музейлік маңызы бар заттар жинақтады.

Жинақталған жәдігерлердің ішінде мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың түпнұсқа қолжазбасы, шапаны, жеке заттары; дәулескер күйші Нұрғиса Тілендиевтің өз қолымен жазған ноталары, көзілдірігі; суретші Әбілхан Қастеевтің түпнұсқа эскиздері, қылқаламы, қолшатыры; қазақтың бірегей ақын-жазушылары Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Әнуар Әлімжанов, Есенқұл Жақыпбековтың кітаптары, фотосуреттері, шапаны, домбырасы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Аманжол Бұғыбаевтың Афина олимпиадасында Қазақстан құрамасының бас бапкері ретінде киген костюмін, төсбелгі, грамоталарын атауға болады.



Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бас киімі мен қаламы



Суретші Әбілхан Қастеевтің сурет салу кезінде қолданған қолшатыры мен түпнұсқа эскиздері

2018 жылдың 14 қыркүйегінде Талдықорған қаласында «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы өткізілді және акция барысында жинақталған жәдігерлерден уақытша көрме ұйымдастырылды. Акция аясында музей қоры мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың, Социалистік Еңбек Ерлерінің, күйші-композиторлардың, спортшылардың жеке заттарымен толықты. Акцияға **25** қатысушы атсалысты.



Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа қатысты заттарды немере інісі Диар Асқарұлы Қонаев сыйға тартты

Талдықорған қаласында өткен «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы бойынша жинақталған **249** музейлік маңызы бар заттың **139 с.б.** негізгі қорға, **110 с.б.** ғылыми-көмекші қорға қабылданды.

2018 жылы қаңтар-желтоқсан айлары аралығында қор-іріктеу комиссиясының **6 отырысы** өтіп, хаттамалары жазылды.


Комиссияның **29.01.2017 ж. өткен бірінші** отырысында төтенше жағдайлар орын алған жағдайда (өрт, су тасқыны, жер сілкіну) музей құндылықтарын эвакуациялау, тасымалдау мәселелері қарастырылды.

05.02.2018 жылы өткен екінші отырысында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорынан Бейбітшілік және келісім музейі қорына музей заттарын тұрақты сақтауға беру мәселелері қарастырылды.

27.02.2018 жылы өткен үшінші отырысында **315 с.б.** жәдігерді негізгі және ғылыми көмекші қорға бөлу қарастырылып, олардың ішінен **негізгі қорға 274 с.б., ғылыми-көмекші қорға – 41 с.б.** қабылданды. Сонымен қатар, «Сәндік-қолданбалы және халық өнерінің бүкілресейлік музейінде» (Мәскеу қаласы, РФ,) «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы аясында «Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» атты көрмесінің ұйымдастырылуына орай Ұлттық музей қорынан экспонаттарды уақытша пайдалануға беру мәселесі қарастырылды.

04.05.2018 жылы өткен төртінші отырысында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорына келіп түскен музей заттарын негізгі және ғылыми-көмекші қорларға бөлу мәселесі қарастырылды. **689 с.б.** қарастырылып, олардың ішінен **негізгі қорға - 347 с.б., ғылыми-көмекші қорға – 342 с.б.** қабылданды.

21.09.2018 жылы өткен бесінші отырысында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорына келіп түскен музей заттарын негізгі және ғылыми-көмекші қорларға бөлу мәселесі қарастырылды. **441 с.б.** қарастырылды, олардың ішінен **негізгі қорға - 210 с.б., ғылыми көмекші қорға - 231 с.б.** қабылданды.



Есептік кезеңде: **1436 с.б.,** қарастырылып, олардың ішінен **негізгі қорға - 823с.б., ғылыми-көмекші қорға – 613 с.б.** қабылданды.


2018 жылғы 30 қазанда өткен алтыншы отырыста Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Жазба деректер және ақпарат (фотонегатив,

құжат) қорына қосымша бойынша ПМО-дан (Президенттік мәдениет орталығы) қабылданған музей заттарын **59 057 с.б.** есепке алу, актілеу құжаттарын жүргізу мәселесі қарастырылды.

Музей қорына заттарын сыйға тартқан жеке тұлғалармен **50 сыйға тарту шарты** рәсімделді.


Қорды есепке алу бөлімі

Есептік кезеңдегі ҚР Ұлттық музейіндегі барлық экспонаттардың саны – **211 710** сақтау бірлік, оның ішінде тұрақты сақталатындары – **158 833 с.б.** (олардың ішінде негізгі қорда – **110 440 с.б.**, ғылыми-көмекші қорда – **48 393 с.б.**), ал уақытша қордағы экспонаттардың саны – **52 877 с.б.**



ҚР Ұлттық музейінде сақталатын музейлік заттардың саны

Есептік кезең ішінде музей қорына **тұрақты** сақталатын **1337** бірлік зат қабылданды, оның ішінде, **жеке тұлғалардан** – **86** бірлік зат, **түрлі ұйымдардан** тапсырылғандары – **633** бірлік, **акция** бойынша сыйға берілгендері – **618** бірлік; олардың ішінде **негізгі қорға** - **730** бірлік, **ғылыми-көмекші қорға** – **607** бірлік зат қабылданды.




ҚР Ұлттық музейінде тұрақты сақталуда тұрған музейлік заттардың саны

Есептік кезеңде **басқа ұйымдарға тұрақты сақтауға 638 с.б.** өткізілді (оның ішінде 502 с.б. негізгі қордан): **225 с.б.** ҚР Қорғаныс Министрлігінің «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің Ұлттық әскери - патриоттық орталығы» МРМ-не, **413 с.б.** «Бейбітшілік және келісім музейі» РМҚК-на тапсырылды.

Жұмыс жоспарына сәйкес бас инвентарлық кітаптарда – негізгі қордың түсім кітабына, ғылыми-көмекші қордың түсім кітабына, уақытша қордың түсім кітабына музейлік маңызы бар заттарды есепке алу және тіркеу жүзеге асырылады.

Есептік кезеңде **негізгі қордың түсім кітабында 6777 с.б.** тіркелді, 2018 жылдың аяғында дейін негізгі қордан **барлығы 18 000 с.б.** тіркелді.


Есептік кезеңде **ғылыми-көмекші қордың түсім кітабында 5600 с.б.** тіркелді, 2018 жылдың аяғында дейін ғылыми-көмекші қордан **барлығы 69 691 с.б.** тіркелді.



Музей қызметкерлері түсім кітаптарына жазбалар енгізу үстінде

Экспонаттарды таңбалау жұмыстары жалғасты – түсім кітабы және инвентарлық кітаптар бойынша нөмірлер қойылды - **1915 с.б.**, соның ішінде:

1. № 1 Бағалы металдар (алтын – 822 с.б.;
2. № 2 Бағалы металдар (күміс) – 314 с.б.;
3. Кілем, киіз бұйымдары – 134 с.б.;
4. Киім мен кесте – 16 ед.хр.
5. Қару-жарак, ат әбзелдері, тері бұйымдары – 237 с.б.;
6. Ағаш – 24 с.б.;
7. Археология – 128 с.б.;
8. Бейнелеу өнері – 180 с.б.;
9. Металл – 23 с.б.;
10. Нумизматика – 18 с.б.;
11. Шыны, фарфор және фаянс – 6 с.б.;
12. Жазба дерек қоры (фото – негатив, құжаттар) – 8 с.б.;



музейлік заттар туралы деректер



барлығы **7354 с.б.** мәдени құндылықтар тізілімге енгізуге ұсынылды.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасымен Ұлттық музейдің Қор жұмыстары және қалпына келтіру қызметі Қазақстан Республикасының музей қорының мемлекеттік каталогын қалыптастыру жұмыстарын жалғастырды. Есептік кезеңде ҚР 41 музейінен жіберілген **20 853 с.б.** музейлік заттар туралы деректер қарастырылып, каталогқа енгізілді. Барлығы каталогқа ҚР-ның **67** музейінен келген **39 084 с.б.** бойынша ақпарат енгізілді.

Сондай-ақ есептік кезеңде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 27.03.2015 ж. №112 бұйрығына сәйкес Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру жұмыстары жалғасуда.

2018 ж. соңына дейін ҚР **33 музейінен**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Даңқ Кітабы туралы» № 538 Қаулысына сәйкес «Алтын Қыран», «Отан», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденіне ие болған адамдар туралы ақпаратты енгізу бойынша жұмыс жалғасуда. Есептік кезеңде кітаптың бетіне **14 жазба** түсірілді.

Есептік кезеңде **62 уақытша көрмеге** (олардың **38-і музей ішінде: 24 – халықаралық, 14 – республикалық**) және **24 музейден тыс көрмеге** қойылған экспонаттарға есептік құжаттама, қабылдау-тапсыру актілері жасалды.

Есептік кезеңде **уақытша сақтау және пайдалануға 5195 бірлік зат** қабылданды, олардың **72 с.б.** жеке тұлғалардан, **613 с.б.** түрлі ұйымдардан, көрмелер ұйымдастыру мақсатында түрлі музейлерден **4510 с.б.** түсті.

Музей
көрмелер
өткізу үшін
пайдалануға **4504**
олардың ішінде,
халықаралық
1) **69 с.б.**
революциясы



ішінде уақытша
ұйымдастыру және
уақытша сақтау және
с.б. зат қабылданды,
1859 с.б. –
көрмелерге:
- Иран Ислам
жеңісінің 39 жылдығына

орай Иран Ислам Республикасы Елшілігінің «Моулана мен Сама» атты ирандық миниатюра көрмесіне (05-16.02.2018 ж.);

2) **91 с.б.** - Ресейлік заманауи суретші, график, кескіндемеші, иллюстратор Пётр Фролов-тың шығармашылығын таныстыратын «Дөңгеленген дүние» атты көрмесіне (21.02-26.03.2018 ж.);

3) **151 с.б.**– ҚХР-ң Қазақстандағы Елшілігі мен ҚР Ұлттық музейі бірлесіп ұйымдастырған «Таңғажайып Қытай. Цзянсу провинциясы» атты фотокөрмеге (09.04-04.05.2018 г.);

4) **40 с.б.** - Түркияның Қазақстандағы Елшілігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің қолдауымен «Османлы мемлекеті мен Орта Азия хандықтары қарым-қатынастарының құжаттары» атты көрмеге (14-23.05.18 ж);

5) **93 с.б.**- Болгария Республикасының Елшілігінің ұйымдастыруымен «Еуропа тарихын-дағы болгар мәдени мұрасы. Әріптер жарығы» атты фотокөрмеге (15.05-15.06.2018 г.);

6) **120 с.б.**- ҚХР-ң Қазақстандағы Елшілігі мен ҚР Ұлттық музейі бірлесіп ұйымдастырған «Таңғажайып Қытай. Аспан асты елінің көз тартатын орындары» атты фотокөрмеге (24.05-15.06.2018 ж.);


7) **50 с.б.**- «Третьяков галереясы топтамасынан ХХ ғасырдың 50 жауһары» атты көрмеге (05.06-10.09.2018 ж.);



8) **9 с.б.** - «ЕО-Қазақстан: Ұлы Жібек Жолының көйлектері» көрмеге (12-22.06.2018 ж.);

9) **57 с.б.** – Астананың 20 жылдығы қарсаңында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі өткізген Халықаралық «Нұр келбетті Астана» атты көркемсурет фестиваліне (12.06-01.07.2018 ж.);

10) **48 с.б.** - Астананың 20-жылдығына арналған Францияның Ұлттық мұражайлар бірлес-тігінен келген **«Поль Серюзье және Бретань: аңыздардың сиқыры»** атты көрмеге (26.06-30.09.2018 г.);



11) **12 с.б.** – Суретші Тимур Даирбаевтың шығармаларынан топтастырылған **«Қазақ рухы»** атты жеке көрмесіне (02.07.18);

12) **41 с.б.** – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Ресей-американ қорының және аме-риқандық «SonMar Group» компаниясы және Нью-Йорк мәрінің демеушілігімен **«АҚШ коллекцияларының ХІХ және ХХ ғасырдың суретшілері»** атты көрмеге (05.07.18);

13) **119 с.б.** – ҚХР-ң Қазақстандағы Елшілігі мен ҚР Ұлттық музейі бірлесіп ұйымдастыр-ған Қытайдың реформа және ашық есік саясатының 40 жылдығына арналған **«Таңға-жайып Қытай. Аспан асты елінің көрікті жерлері»** (ІІІ-бөлім. Солтүстік және Орталық Қытай) атты фотокөрмеге (17.07.18);

14) **98 с.б.** – ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Астана қаласының 20-жылдығына орай **«Пабло Пикассо» Италия коллекционерлерінің жеке жинақтарынан Валлористық Селестина және керамика»** атты көрмеге (08.08.18);

15) **120 с.б.** - ҚХР-ң Қазақстандағы Елшілігі мен ҚР Ұлттық музейі бірлесіп ұйымдастырған Қытайдың реформа және ашық есік саясатының 40 жылдығына арналған **«Таңғажайып Қытай. Аспан асты елінің көрікті жерлері»** (IV бөлім. Батыс Қытай) атты фотокөрмеге (16.08.18);

16) **83 с.б.**– Мәскеудегі Тайбэйско-Мәскеу экономикалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі комиссияның өкілдігі қолдауымен Тайвань суретшілерінің графикалық жұмыстарының **«Шығыс күнтізбесі»** атты көрмеге (23.08.18);

17) **60 с.б.** – Астана қаласының 20 жылдығына орай **«Ғажайып Қытай»** атты халықаралық көрмеге (04.09.18);

18) **279 с.б.** – **«Еуразияның өрнек ырғақтары. Көнеден бүгінгі күнге дейін»** атты көрмеге (Ресей ДПИ 21.09.18);



19) **60 с.б.** – Корея Республикасының Қазақстандағы Елшілігі мен Корея Республикасы Мәдениет және спорт, туризм министрлігі жанындағы Корея мәдени орталығымен бірлесіп ұйымдастырған танымал Ли Чольсудың «Күлімдеген әлем» атты көрмесіне (03.10.18);



20) **35 с.б.** – Американдық суретші Хант Слонемнің «Хан Слонемнің экзотикалық әлемі: кескіндеме» атты халықаралық көрмесіне (05.10.18);

21) **38 с.б.** – Үндістанның Қазақстандағы Елшілігінің Свами Вивеканда атындағы Мәдени орталығы Ұлттық музеймен бірлесіп ұйымдастырған «Вастрам: үнді тоқымасының әсем әлемі» атты дәстүрлі үнді тоқымасының көрмесіне (08.09.18);

22) **31 с.б.** – Қазақстандағы Латвия Республикасы Елшілігі бірлесіп, егемен мемлекеттің құрылуының 100 жылдығына орай ұйымдастырған «Мемлекеттің құрылуы. ІХ-XXІ ғасырлардағы Латвия сәулеті. Латвияның танымал жерлері мен нышандары» атты халықаралық көрмесіне (31.10.18);

23) **100 с.б.** – Қазақстандағы Қытай Халық Республикасы Елшілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейімен бірлесіп ұйымдастырған «Қытай қазақстандықтар көзімен» атты фотокөрмесіне (V-бөлім) (02.11.18);

24) **61 с.б.** - Қазақстандағы Корея Республикасының Елшілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейімен бірлесіп ұйымдастырған «Корея халқының дәстүрлі маскалары» көрмесіне (15.11.18);

Республикалық деңгейдегі көрмелерді өткізуге - 2645 с.б. қабылданды:

1) **23 с.б.** - «Рухани жаңғыру» залы экспозициясын жасақтау мақсатында ұйымдастырылған көрмеге (Қостанай, ОҚО, БХылас, Жиделі, Алтынемел, Ақмола, Мәшһүр-Жүсіп) (13-15.01.2018 ж.);

2) **178 с.б.** - Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында М.Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының 30 жылдық мерейтойы «мен Астана қаласының 20 жылдығына арналған бала қиялы мен арман-тілегі ұштасқан шығармашылық «Бояулар әлемі» атты көрмеге (06-17.02.2018 ж.);

3) **17 с.б.** - Қостанай облысы әкімдігі мен Мәдениет басқармасы бірлесіп ұйымдастырған Георгий Соковтың «Қарапайым өмірді дәріптеу» атты көрмеге (01.03-01.04.2018 ж.);

4) **68 с.б.** - Астана қаласының Суретшілер одағы бірлесіп ұйымдастырған Наурыз мейрамына арналған «Сезімдерді жаңғыртып» атты көрмеге (15.03-15.04.2018 ж.);

5) **18 с.б.** - «Еркіндік» қорымен бірлесіп ұйымдастырылған Қазақстанның халық суретшісі Еркін Мергеновтің «Еркін Мергенов. Уақытты сезіну» көрмесіне (19.04-23.07.2018 ж.);

6) **118 с.б.** - Астана қаласының 20 жылдығы мен «Тұран-Астана» университетінің 20 жылдығына және Жеңіс күніне арналған VI Республикалық «Дала өрнектері-2018» атты көрме (04-15.05.2018 г.);

7) **447 с.б.** - Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында ашылған «Қасиетті Қазақстан» орталығының құрылғанына бір жыл толуына және «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының Батыс өңірлеріне арналған 2-томының шығарылуына байланысты ұйымдастырылған «Батыс жауһарлары» атты көрмеге (Ақтөбе, Маңғыстау, Атырау, БҚО, Қызылорда облыстары) (14-30.05.2018 г.);

8) **83 с.б.** - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Қасіретті жылдар тағылымы» атты дөңгелек үстел аясында ұйымдастырылған көрмесіне (23-31.05.2018 г.);

9) **1068 с.б.** - Астананың 20-жылдығына арналған және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясындағы Астана қаласында өңірлер мұражайларының көшпелі «Өткенді еске алу – болашаққа жол» көрмелері (Петропавл, Ақмола, Ұлытау, Баянауыл, Павлодар, Потанин, Бұқар-жырау, Алматы (20 музей), ШҚО музейлері) (05.06-09.07.2018 ж.).

10) **34 с.б.** - Қазақстан Суретшілерінің туындыларынан топтастырылған «Үш қоңыр – Алтын қазық, Атамекен» атты көрмеге (А.Чунчалинов, А.Бектас, К.Муллашев, Г.Таттибаева, Қ.Мұхамедиев, Е.Слабоспицкий, Р. Шербаев) (03.07-10.08.18);

11) **25 с.б.** – Астананың 20-жылдығына арналған кескіндемеші Елена Бисембинованың «Счастье – видеть!» атты жеке көрмесі (05.07.18);

12) **186 с.б.** – Суретші-дизайнер, мүсінші, архитектор Болат Мухамедиевтің 60-жылдық мерейтойына арналған жеке көрмесіне (01.08.18);

13) **240 с.б.** – ҚР Мәдениет және спорт министірілігінің ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдығы және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің 40 жылдық мерейтойына орай өткен «Түркістан жауһарлары» атты көрмеге (27.08.18);

14) **140 с.б.** – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Суретшілер одағының мүшесі, суретші Алпысбай Қазғұловтың «Көңіл көктемі» атты жеке көрмесіне (25.10.18);

Уақытша сақтау қорларынан жыл басынан бері актімен **4961 с.б.** зат қайтарылды, оның ішінде:

1. **Көрмелерден** – 4865 с.б.;

2. **Жеке тұлғаларға** - 28 с.б.;
3. **Ұйымдарға** - 68 с.б.

Сонымен қатар, музейден тыс басқа мекемелерге уақытша пайдалануға тапсырылған музейлік заттарға есепке алу-сақтау құжаттамалары рәсімделіп, актілер бойынша берілді:

1. **71 с.б.** – ҚР Қаржы министрлігіндегі Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған көрмеге;
2. **235 с.б.** – «Ұлы Дала мұрасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің зергерлік өнер жауһарлары» көрмесіне.



3. **1 с.б.** – Астана қаласындағы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасындағы көрмеге;
4. **32 с.б.** – Тараз қаласындағы Астана қаласының 20-жылдығын мерекелеуге арналған көрмеге;



5. **238 с.б.** – Баку қаласындағы «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрмесіне (Азербайджан);



6. **40 с.б.** – Ресей Федерациясының федералдық жиналысының Мемлекеттік думасында өткізілген «Қазақстан және Ресей: мәңгілік достастық» көрмесіне;



7. **1 с.б.** – ҚР Олимпиаданың Ұлттық музейінің ашылу салтанатына арналған көрмеге;

8. **36 с.б.** – Казмедиаорталықта өткізілген көрмеге;

9. **370 с.б.** – Сиянь қаласында (ҚХР) өткізілген «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрмесіне;





10. **55 с.б.** – Тарбағатай тарихи өлкетану музейіндегі көрмеге;



11. **14 с.б.** – Лондон қаласындағы (Англия) «Көшпелі кезеңнен кейінгі көкжиектер» көрмесіне;



12. **7 с.б.** – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіндегі көрмеге;

13. **1 с.б.** Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасындағы көрмеге;

14. **42 с.б.** – Талдықорған қаласындағы Астана қаласының 20-жылдығына арналған көрмеге;

15. 45 с.б. – Берлин қаласындағы (Германия) «Фокус Қазақстан: нан мен раушан гүлдер» в көрмесіне;



16. 298 с.б. – Гданьск қаласындағы (Польша) «Ұлы Дала мұрасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің зергерлік өнер жауһарлары» көрмесіне;



17. 2 с.б. – АҚШ, Нью-Джерси қаласындағы «Толғаныстар топтамасы: Тарихты сөйлетсек» көрмесіне.



18. 16 с.б. – ҚР Бейбітшілік және келісім музейіндегі көрмеге.

19. **13 с.б.** – Корей Республикасы, Сувон қаласындағы «Еуразиялық утопия: Post Scriptum» көрмесі;
20. **10 с.б.** – ҚР Денсаулық сақтау министрлігіндегі көрмеге;
21. **77 с.б.** – Корей Республикасы, Сеул қаласындағы «Еуразиялық утопия: Post Scriptum» көрмесіне;
22. **321 с.б.** – Корей Республикасы, Сеул қаласындағы «Қазақстан – Алтын адам бесігі» көрмесіне;
23. **137 с.б.** – Корей Республикасы, Сеул қаласындағы «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрмесіне;
24. **23 с.б.** – «QazaqGeography» республикалық қоғамдық бірлестігінің ғимаратында ұйымдастырылған көрмеге.

Музейден тыс жерлерде өткен көрмелерге барлығы **2085 с.б.** экспонат берілді, олардың **1183 с.б.** қайтарылды.

Есептік кезеңде музей қорларын сақтаушылар «АЖ Музей» бағдарламасына деректер енгізу жұмыстарын жалғастырды. Бүгінгі таңда жүйе бойынша жұмыс келесі модульдарда жүргізіледі:

1) «Қабылдау» модулі. Негізгі және ғылыми-көмекші қорлардың заттары туралы деректерді енгізу, түскен заттарды электронды түсім кітаптарында тіркеу, бастапқы мәліметтерді есепке алу, музейлік заттарға түсім кітаптары бойынша нөмірлер қою. Есептік кезеңде **8223 с.б.** деректері (оның ішінде: негізгі қор заттарына **6777 с.б.**, ғылыми-көмекші заттарына **1446 с.б.**) енгізілді.

Бағдарламаға барлығы **78 165 с.б.** бойынша ақпарат (оның ішінде: негізгі қор заттарына **69 691 с.б.**, ғылыми-көмекші заттарына **8 474 с.б.**) енгізілді.



Музей қызметкерлері «АЖ Музей» бағдарламасына деректер енгізу үстінде

2) «Әкімшілендіру» модулі. Анықтамалықтарды: контрагенттер, материалдар, техникасы, түсім жолдары және т.б. редакциялау жұмысы жалғасуда.

3) «Есептер» модулі. Экспонаттарды түсім кітабы және негізгі және ғылыми-көмекші қордағы экспонаттардың саны бойынша есепке алу жұмыстары жүргізілді.

Қор сақтау бөлімі

Музей қорында **163 798 с.б.** сақталатын музейлік заттар бар.

1. № 1 Бағалы металдар (алтын) – **44045 с.б.;**
2. № 2 Бағалы металдар (күміс) – **4155 с.б.;**
3. Археология – **16263 с.б. ;**
4. Жазба дерек қоры (фото-негатив, құжаттар) – **63 034 с.б.**
5. Нумизматика – **11478 с.б.;**
6. Металл – **921 с.б.;**
7. Шыны, фарфор және фаянс – **1202 с.б.;**
8. Ағаш – **1634 с.б.;**
9. Қару-жарақ, ат әбзелдері, тері бұйымдары– **892 с.б.;**
10. И. Тасмағамбетовтың жеке коллекциясы– **1381 с.б.;**
11. Киім мен кесте – **2476 с.б.;**
12. Кілем, киіз бұйымдары – **1080 с.б.;**
13. Бейнелеу өнері – **4763 с.б.;**
14. Кітап – **9242 с.б.;**
15. Аудио- бейне –**1132с.б..**

Музей экспозициясында **9398 с.б.** зат бар.

2018 жылдың басынан бері **реставрацияға** актімен **521 с.б.** берілді, олардың **318 с.б.** қорларға қайтарылды, **203 с.б.** реставрациялануда.

Есептік кезеңде музей қорларын сақтаушылар «АЖ Музей» бағдарламасын енгізу жұмыстарын жалғастырды, **560 060 с.б.** енгізілді, олардың **60 158 с.б.** - негізгі қорға, **3902 с.б.** - ғылыми-көмекші қорға. Есептік кезеңде **АЖ музей жүйесінде 890 инвентарлық карточка** жасалып, **1498 экспонаттың суреті** түсірілді.

Күнделікті қорларда температура көрсеткіштері тексеріліп, кварцтау жүргізіледі. Апта сайын экспозициядағы экспонаттардың сақталуы және температуралық көрсеткіші қор сақтаушылармен тексеріледі. Әр айдың соңғы күні көрмеге қойылған экспонаттар мен музей қорларында санитарлық күн жүргізіледі.

Музейдің ішкі және сыртқы уақытша көремелер өткізу үшін уақытша сақтауға және пайдалануға музейлік мәні бар **11 681 с.б.** зат берілді, олардың ішінде:





1. **2894 с.б.**– «Ежелгі және орта ғасырдағы тарих» залын толықтыру мақсатында берілді;
2. **1350 с.б.**– «№ 1 Алтын» залын толықтыру мақсатында берілді;
3. **523 с.б.**–«№ 2 Алтын» залын толықтыру мақсатында берілді;
4. **522 с.б.**– «Этнография» залын толықтыру мақсатында берілді;
5. **382 с.б.**– «Тарих» залын толықтыру мақсатында берілді;
6. **3194 с.б.**- «Астана» залын толықтыру мақсатында берілді;
7. **42 с.б.**- «Тәуелсіз Қазақстан» залын толықтыру мақсатында берілді;
8. **307 с.б.**– экспозицияны толықтыру мақсатында берілді;
9. **1 с.б.**–«Art Collider - Когда искусство встречается с наукой» көрмесін жасақтау мақсатында берілді;
10. **150 с.б.**– «Рухани Жаңғыру» залын толықтыру мақсатында берілді;
11. **10 с.б.**– «Қосылу және сезім» көрмесіне берілді;
12. **3 с.б.**- «Жапон бейнелеу өнері» іс – шарасын жасақтауға берілді;
13. **1 с.б.**–Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі ұйымдастырған «Қазақтың Ұлттық ою - өрнектері» іс – шарасына берілді;



14. **2 с.б.**– «Экскурсия жүргізудің қазіргі жағдайы» жобасын толықтыру мақсатында берілді;

15. **18 с.б.**– Алғыс білдіру күніне арналған іс – шараны толықтыруға берілді;

16. **21 с.б.**– Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі ұйымдастырған «Аңыз әлемінде» атты іс-шараға қатысты берілді;

17. **10 с.б.**– «Көктем симфониясы» атты көрмені толықтыруға берілді;

18. **1 с.б.**– «№ 1 Заманауи өнер» залын толықтыру мақсатында берілді;

19. **40 с.б.**– «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі қорларынан» атты көрмені жасақтауға берілді;

20. **2 с.б.**– «Еркін Мергенов. Уақытты сезіну» көрмесін жасақтау мақсатында берілді;

21. **96 с.б.**– Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне арналған көрмені жасақтауға берілді;

22. **17 с.б.**– «Тұсау кесу» іс – шарасын жасақтауға берілді;



23. **15 с.б.**– Астананың 20 жылдығына арналған көрмені жасақтау мақсатында берілді;

24. **9 с.б.**– «Батыс Жауһарлары» көрмесін толықтыру мақсатында берілді;

25. **10 с.б.**– «Музейдегі түн» іс – шарасын толықтыруға берілді;

26. **3 с.б.**– «Астана – город сильных духом людей» бағдарламасы аясында өткен көрмеде, «МЕЙІРІМ» балалар шығармашылығының инклюзивті музей фестивалі Астанасының 20 жылдығына орайластырылған;

27. **5 с.б.**– Елорданың 20-жылдығына және Халықаралық балаларды қорғау күніне ұйымдастырылған «Айналдың Астанаға аппақ арман» балалар көрмесін және «Біз ғой елдің ертеңі» мерекелік концертін жасақтауға берілді;

28. **11 с.б.**– «Өткенге естелік болашаққа жол» көрмесін толықтыруға берілді;

29. **31 с.б.**– «Қазағымның үнісің сен домбыра» көрмесін жасақтауға берілді;



30. **17 с.б.**– Астананың 20-жылдығына ұйымдастырылған «Еуразия кеңістігіндегі жаңа Елорда» көрмесін ұйымдастыруға берілді;

31. **9 с.б.**– «Үшқоңыр – алтын қазақ, атамекен» көрмесін толықтыруға берілді;


32. **4 с.б.**– көрмені толықтыруға берілді (Атриум);

33. **1 с.б.**– «Акция: Ұлттық музейге сый тарту» көрмесін толықтыруға берілді;

34. **43 с.б.**– «Еуразияның өрнек ырғақтары. Көнеден бүгінгі күнге дейін» көрмесін толықтыруға берілді;



35. **235 с.б.** - Бүкілресейлік Сәндік, қолданбалы және халықтық өнер музейінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейімен бірге «Ұлы дала мұралары: зергерлік өнердің көрнекті туындылары» халықаралық көрме жобасы аясында «Алтын адамның әлем музейлерінде шеруі» атты көрмесі ашылды.





36. 71 с.б. – ҚР Қаржы министрлігінде Наурыз мейрамына арналған көрмені ұйымдастыру мақсатында берілді;



37. 238 с.б. – Әзірбайжан Республикасы Ұлттық тарих музейінде «Ұлы дала мұралары: зергерлік өнердің көрнекті туындылары» халықаралық көрме жобасы аясында «Алтын адамның әлем музейлерінде шеруі» атты көрмесі ұйымдастырылып ашылды.



38. 1 с.б. – ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасында «Тәуелсіздіктің бастауында» көрмені толықтыруға берілді.

39. 40 с.б. – Ресей Федерациясы Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасында ұйымдастырылған «Қазақстан мен Ресей: ғасырлар достығы» атты көрмеге берілді.

40. **370 с.б.** – ҚХР, Шэньси провинциясы Тарих музейінде «Ұлы дала мұралары: зергерлік өнердің көрнекті туындылары» халықаралық көрме жобасы аясында «Алтын адамның әлем музейлерінде шеруі» атты көрмесі ұйымдастырылып ашылды.



41. **298 с.б.** – Польша Республикасы, Гданьск Ұлттық музейінде «Ұлы дала мұралары: зергерлік өнердің көрнекті туындылары» халықаралық көрме жобасы аясында «Алтын адамның әлем музейлерінде шеруі» атты көрмесі ұйымдастырылып ашылды.



42. **45 с.б.** – Берлин қаласы(Германия), MOMENTUM студиясы «Focus Kazakhstan» халықаралық көрме жобасы аясында ұйымдастырылған «Хлеб и розы» көрмесіне берілді.

43. **12 с.б.** – Лондондағы (Ұлыбритания) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткізілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақстандық өнерді әлемдік мәдени кеңістікте насихаттауға бағытталған «Постномадические горизонты» көрмесі ұйымдастырылды.

44. **77 с.б.** – Корея Республикасы, Сувон қаласы, SIMA (Suwon Ipark Museum of Art) «Евразийская утопия: PostScriptum» ұйымдастырылған көрмеге берілді.

45. **137 с.б.** – Сеул қаласы, Корея Республикасы Ұлттық музейіде «Ұлы дала мұралары: зергерлік өнердің көрнекті туындылары» халықаралық көрме жобасы аясында «Алтын адамның әлем музейлерінде шеруі» атты көрмесі ұйымдастырылып ашылды.



46. **321 с.б.** – Корея Республикасының Ұлттық музейінде, Сеул қаласында «Қазақстан - Алтын адамның бесігі» көрмесін ұйымдастыруға берілді.





47. 92 с.б. – ҚР ҰМ ғылыми кітапханасында «Теңге – мемлекет келбеті» көрмесін ұйымдастыруға берілді.

«ТОО Ехронат» қызметкерлерімен бірлесіп экспонаттарды орау материалдары биологиялық тазарту үшін берілді.

Халықаралық көрмелерді ұйымдастыру және өткізу үшін 2019 жылға экспонаттардың тізімі жасалды.

Қорды сақтау бөлімінің қызметкерлеріне оқыту және эвакуация жасау жүргізілді. Тренинг барысында өрт кезінде қызметкерлердің іс-әрекеттері көрсетілді: өрт дабылын қосу, ғимараттан эвакуациялану, басшылыққа есеп беру жолдары айтылды.



Консервациялау және қалпына келтіру бөлімі

Консервациялау және қалпына келтіру қызметі қалпына келтірілетін экспонаттардың құрамына қарай мамандырылған консервациялау және қалпына келтіру зертханасы мен мынадай секторлардан тұрады:

- 1) Кескіндеме, графика және қағаз;
- 2) Темір, ағаш, тері және сүйек;
- 3) Мата және кілем-киіз бұйымдары;
- 4) Керамика, фарфор және шыны.



Консервация және қалпына келтіру зертханасы.

Жыл басында рентген лабораториясы бойынша жыл бойы алынатын қызметтеріне қызметтік хат рәсімделді. Астана қаласы Алматы ауданы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына хат пен ақпараттық карта құжаты толтырылып жіберілді.

Қалпына келтіру және консервация бөлімі.

Жыл басында қор сақтаушылармен бірге қайта қалпына келтірілетін экспонаттар іріктеліп, тізім жасалды. 2018 жылға және 2019-2021 жылдарға арналған қалпына келтіру жұмыстары үшін керекті құрал-жабдықтар мен шикізаттарға тапсырыстар жазылып, сметасы дайындалды.

Бір жыл ішінде 40 дана экспонаттарға қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының суретші-реставраторлары этнография залындағы келушілерге арналып қойылған 4 дана отырғыштардың былғарылары ауыстырылды. Музей зал қараушыларына 45 дана галстук тігілді, экскурсоводтардың 4 дана костюмдеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Эстетикалық тәрбие беру секторының ұйымдастырылған «Ғажайып ертегілер» квест сабағына қызыл телпек киімі тігілді.



Наурыз айының 22-де Москва қаласында ашылған «Ұлы дала мұрасы: Зергерлік өнер жауһарлары» атты халықаралық көрмеге апарылған экспонаттарға 170 дана қап тігілді, музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің тапсыры бойынша диванға былғарыдан тыс тігілді.



Баку қаласына барған жәдігерлерді тасымалдау үшін 16 қап өлшеніп, тігілді. Сонымен қатар музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімімен бірігіп «Шебер» үйірмесін әр аптаның сәрсенбі күнінде екі сағаттан шеберлік сабақтарын өткізіп отырады.





Үстімідегі жылдың ақпан айында Қазақ Ұлттық Университетінің 2 курс студенттері оқу-әдістемелік тәжірибеге келді. Грим, Киім дизайны, Көркем тоқыма сәндік өнер, Сценография, Театр техникасы және сахна көркемдеу, Театральды декоративтік өнер, Жарық техникасы сынды мамандықтар бойынша барлығы 42 студент қатысты.



Консервациялау және қалпына келтіру қызметінің басшысы Б. Әлібай ҚР Ұлттық музей ұйымдастыруымен «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық жобасы аясында Ресей, Москва қаласында өткен көрмеге жәдігерлерге қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, көрмені құрып, ашылуына ат салысып қайтты.



2018 жылғы 2-18 ақпанда Үндістан Республикасы, Фаридабд қаласы Сурадждун мекенінде өткен «32 – Сурадждун мела халықаралық қолөнер жәрмеңкесіне» консервациялау және реставрациялау қызметінің басшысы Б. Әлібай, суретші-реставраторлар С. Аятбеков, Б. Нұрданбек қатысып қайтты.



ҚР Ұлттық музейінде ұйымдастырылған Наурыз мерекесін тойлау шарасында қызмет «Біздің ауыл тамаша» сайысында жүлделі 3 орынға ие

болды. Сондай-ақ, «Мерейлі отбасы» байқауында Аятбеков Санаттың отбасы «Көрермендер көзайымы» номинациясын жеңіп алды.




21-22 наурыз күндері Экспо қалашығында Б. Әлібайдың жеке коллекциясынан көрме ұйымдастырылды.

Сәуір айының 20-27 аралығында Павлодар қаласындағы Г.Н.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде қызмет басшысы Б.Әлібай зергерлік бұйымдардан жеке көрмесін өткізді.



18-мамыр Халықаралық музейлер күніне және Астананың 20-жылдығына орай ұйымдастырылған «Музей түні» акциясында қызмет қызметкерлері шеберлік сабақтар өткізді.





Осы төл мерекемізге орай қызметтің бірқатар қызметкерлері жақсы жетістіктері үшін марапатталды. Атап айтсақ, Г. Молдиманова «ҚР Мәдениет министрлігінің грамотасына», Н. Ашимбаева «Музей ісінің үздігі» төс белгісіне, Н. Қарабекова «Музей директорының грамотасына» ие болды.

26 мамыр күні Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20-жылдығына орай өткізілген «Мейірім» атты фестиваль аясында суретші-реставраторлар шеберлік сабақтар көрсетті.

Астана қаласының 20-жылдығына орай қызмет жетекшісі Б. Әлібай «Астана 20-жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Астана қаласы, Мәдениет және спорт басқармасының басшысы Б.Мажағұловтың 21.06.18. № 105-01/605 хатына сәйкес Қазақстан Республикасының 20 жылдығына орай, 2018 жылдың 28 маусым – 3 шілде күндері аралығында Мәскеу қаласында «Выставка достижений народного хозяйства» (ВДНХ) көрме кешеніндегі «Қазақстан» павильонында өтетін мерекелік іс-шарасына қолөнер шеберлері Аятбеков Манат, Нұрданбек Бекболат іс-сапармен барып қайтты.

Мамыр айында ҚР Ұлттық музей ұйымдастыруымен өткен «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық жобасы аясында Баку қаласында Азербайжан Ұлттық тарихи музейінде Қазақстанның көне тарихынан сыр шертетін «Ұлы Дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» атты көрмесінің ашылуына темір, ағаш, былғары және сүйек бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының жетекшісі Аятбеков Манат қатысып, көрмені құру жұмыстарына ат салысты.



Қытай Халық Республикасының Сиань қаласында 10 шілдеде «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық жобасы аясында ашылған көрмеге консервациялау және қалпына келтіру лабораториясының жетекшісі А. Әбдіқадірова және темір, ағаш, былғары және сүйек бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының суретші-реставраторы С. Хабар көрмені құруға ат салысты.



Қыркүйек айының 3-15 аралығында Ташкент (Өзбекстан) қаласындағы Мемлекеттік музей базасында АҚШ Орталық Азияның 5 елінен келген музей реставраторларын қарқынды кәсіптік оқыту мақсатында ұйымдастырылған екі жетілік семинарына консервациялау және қалпына келтіру лабораториясының жетекшісі А. Әбдіқадірова мен металл, ағаш, былғары және сүйек бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының жетекшісі М. Аятбеков қатысып қайтты. Осы семинар барысында олар мол тәжірибе жинақтап, сертификатқа ие болды. Ташкент қаласының Мемлекеттік «Маһалла» телеарнасына сұхбат беріп, өтіп жатқан шараның маңызын, семинардан алған әсерін айтып берді.



Қараша айында Корея мемлекетінде өткен «Қазақстан - алтын адам бесігі» және «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық жобасы аясындағы көрмелерге суретші-реставраторлар Қ. Сахаба мен Н. Ашимбаева қатысып, шеберлік сабақтар көрсетті. Ал осы көрмелерді жинап әкелуде Б. Нұрданбек пен Қ. Жанашева ат салысты.



Жыл бойы суретші-реставраторлар Қазақстан, Балапан, Қазақ ТВ телеарналарына сұхбат беріп, музей жәдігерлеріне қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің қыр-сырын баяндады.

II.5. МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Музей – мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу қызметтерін жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын насихаттауды қамтамасыз ететін, музей экспонаттары мен музейлік коллекцияларды сақтауға, зерттеуге және көпшілікке таныстыру үшін құрылған мәдениет ұйымы.

Мәдени-білім беру қызметі - бұл музейлік білім беру қызметтерін әзірлеуді жүзеге асыратын және ересектер мен балалардың танымдық бос уақытын ұйымдастыратын музей қызметінің дәстүрлі түрі.

Музейдің мәдени-білім беру қызметі білім беру мен тәрбиелеу және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыруға бағытталған. Экскурсиялық қызмет және музей педагогикасы бөлімінің қызметкерлері музейге келушілермен екі негізгі яғни білім беру практикасы мен рекреациялық-танымдық бос уақытын ұйымдастыру бағыттарында жұмыс жасайды.

2018 жылы келушілердің саны **199356** (оның ішінде 37000 адам «Музей түні» акциясының қатысушылары) адамды құрады, оның ішінде **65294** адам тақырыптық және жалпы шолу экскурсияларын тыңдады. Есепті кезең ішінде Ұлттық музейге 9 санаттағы келушілер келді:

| п/п | Санат | Адам саны | Экскурсия тыңдағандар |
|-----|----------------------------|-----------|-----------------------|
| 1 | Ересектер (иная категория) | 61566 | 21290 |
| 2 | Оқушылар | 48717 | 20286 |
| 3 | Шетелдіктер | 19147 | 8846 |
| 4 | Студенттер | 13785 | 4595 |
| 5 | 7 жасқа дейінгі балалар | 6914 | 1742 |
| 6 | Зейнеткерлер | 5847 | 1952 |


| | | | |
|---|---------------------------------|---------------|--------------|
| 7 | Әскери қызметшілер | 3164 | 1501 |
| 8 | Мүмкіндігі шектеулі жандар | 2222 | 1726 |
| 9 | Балалар үйінің тәрбиеленушілері | 994 | 574 |
| «Музей түні» акциясына қатысқандар | | 37000 | 2782 |
| Барлығы: | | 199356 | 65294 |

1 кесте. 2018 жыл ішіндегі келушілер мен экскурсия тыңдағандардың саны

Музейге келушілердің санына талдау жүзгізе отырып, музей қонақтарының басым бөлігін ересектер (**61566 адам**), орта білім беру орындарының білім алушылары (**48717 адам**), сонымен қатар шетелдік азаматтар (**19147 адам**) құрайтынын атап өту керек.




1 сурет. 2018 жыл ішіндегі музейге келушілердің саны.



2 сурет. 2018 жыл ішіндегі музейге келушілердің пайыздық өлшем бойынша саны

Жазғы уақытта орта білім беру ұйымдарынан келген оқушылар санының көп болуы жазғы демалыс кезінде оқушылардың музейге кіруі тегін болуына байланысты. Музейге келушілер туралы сандық көрсеткішті 3-ші суреттегі кесте бойынша бақылауға болады.



3 сурет. 2018 жыл ішіндегі оқушылардың музейге келуінің сандық көрсеткіші

Бөлім қызметкерлері экскурсия, дәріс, музейлік сабақ, шеберлік сынып, шағын шеберхана, байқау, викторина, үйірме, квест сабақ, ойын-сабақтар, кездесу, концерт, көрме секілді әртүрлі формада музейлік мәдени-білім беру қызметін жүзеге асырды.

Есепті кезең ішінде Музей педагогикасы секторының қызметкерлерімен бірге әртүрлі сипатта **133** іс-шаралар өткізілді. Өткізілген іс-шаралардың және қатысушылардың санын 2 -ші кестеден көруге болады.

| Іс-шара | Саны | Қатысушылардың саны |
|-----------------------------------|------------|---------------------|
| Музейлік сабақтар | 38 | 1026 |
| Квесттер | 17 | 846 |
| Ойын-сабақ және викториналар | 17 | 534 |
| Байқау/фестиваль/ турнир | 8 | 1660 |
| Ертеңгіліктер және қойылымдар | 13 | 3052 |
| Көрмелер | 7 | 321 |
| Дөңгелек үстелдер және кездесулер | 8 | 729 |
| Шеберлік сыныптар | 5 | 375 |
| Дәрістер, семинарлар | 9 | 511 |
| Музейдегі тарих сабақтары | 9 | 372 |
| Тақырыптық кештер | 2 | 380 |
| Іс-шараның барлығы: | 133 | 9806 |

2 кесте. 2018 жыл ішіндегі Музей педагогикасы секторының іс-шаралары

Музейлік білім берудің ерекшелігі, ол арнайы ұйымдастырылған, ақпаратпен толықтырылған және пәнге негізделіп, музей құралдары арқылы эстетикалық жағынан маңызды ортада (экспозициялар) жүзеге асырылады. Мәдени-білім беру қызметінің мазмұны және музейлік-педагогикалық практиканың ерекшелігі ретінде экспозиция музейдегі білім берудің мәнін айқындайтын басты құрал болып табылады. Музей педагогикасы секторының қызметкерлері осындай іс-шараларды өткізу арқылы оқушылардың шығармашылық және тиімді демалуына мүмкіндік жасайды. Жоғары, орта-арнайы және орта оқу орындарының білім алушыларымен қарқынды білім беру жұмысы жүргізілуде. Соның ішінде № 83, № 27, № 79, № 7, № 56, № 65, № 75, № 5, № 70, № 46, № 84, № 77, № 76 мектептерімен бірге белсенді жұмыс атқарылуда.

Аталған Сектор **8** мәдени-білім беру және тәрбиелік бағыттағы жобаларды және **4** музейлік үйірмелерді яғни «Мейірім», «Аяла» ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс бойынша жобалар, «Қызықты этнография», «Тарихи тұлғалар», «Шанырақ», «Әсемдікке құштарлық», «Музейдегі сабақ», «Дана» клубы жобалары және «Графика және кескіндеме» музей студиясы, «Шебер» студиясы, «Мирас» және «Жас археолог» үйірмелерінің жұмысын жалғастыруда.



4 сурет. «Мирас» үйірмесіндегі дәріс. Фотода Экскурсиялық қызмет көрсету секторының әдіскері Султанова А.К.

«Ұрпақ+» мәдени және білім беру жобасы аясында «Мирас» үйірмесі 2016 жылдан бастап өз жұмысын жалғастыруда. Үйірменің мақсаты Қазақстандағы халықтың тарихын, мәдениетін және тұрмысын зерттеу, өскелең ұрпақты өнерге баулу, мектеп оқушыларының, колледждердің және жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің коммуникативтік және шешендік дағдыларын дамыту.

«Мирас» үйірмесін Музей педагогикасы секторының қызметкері Сагиева З. А., Экскурсиялық қызмет көрсету секторының әдіскерлері Амираниева А.К., Султанова А.К және экскурсия жүргізішілер Амирбекова Ж. мен Жумагулова А жүргізеді. Аталған үйірменің аясында Экскурсиялық қызмет және музей педагогикасы бөлімінің қызметкерлері, Археология және этнография, Қазақстан тарихы секторларының ғылыми қызметкерлері дәрістер оқып, практикалық сабақтар мен тренингтер өткізеді, сонымен қатар музейдің экспозицияларымен таныстырады.

Есепті кезең ішінде музей базасында музей бұйымдары мен экспонаттарын қолдана отырып музей қызметкерлері мектеп мұғалімдерімен бірге **38 музейлік сабақтарды, 17 квест сабақтарын, 17 ойын сабақтары және викториналарды** өткізді.

Музейлік пән өзінің ақпараттық, көрнекілік, тартымдылық, мәнерлілік және ассоциативтілік ерекшелігінің арқасында білім беру үрдісіне енгізіледі. Егер ақпараттық және көрнекілік музей пәнінің шынайылықты дұрыс жеткізу

қабілетін, ал мәнерлілік пен ассоциативтілік оны қабылдаудың жеке тұлғалық факторын қалыптастырып, музейлік қарым-қатынастың сапасын арттырады.

Ұлттық музейде музейлік сабақтар «Әсемдікке күштарлық», «Мейірім», «Тарихи тұлғалар», «Қызықты этнография», «Шаңырақ» жобаларының аясында өткізіледі.



5 сурет. Домбыра күніне арналған этнографиялық сабақ

Сондай-ақ, тұрақты түрде жүзеге асырылатын музей жобаларынан бөлек әртүрлі жанрларда ерекше мәні бар айтулы мерейтойларға орай **18 іс-шаралар** (3624 білім алушы) өткізілді. Мысалы, Астана қаласының 20-жылдығына орай «Арман қала, махаббат қаласы, үміттерге толы қала», ҚР Конституциясы күніне орай Республикалық балаларды оңалту орталығының балаларына арналған «Біз ұлы елдің азаматтарымыз» атты экскурсия сабақтары, Тілдерді дамыту күніне орай мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесулер және т.б.

2018 жылдың 12-19 наурыз аралығында Экскурсиялық қызмет және музей педагогикасы бөлімі ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкерлерімен бірге «Аңыз әлемінде» атты балаларға арналған ертеңгілікті ұйымдастырып тегін түрде өткізді.

Аталмыш іс-шара қазақ халқының дәстүрлерінің негізінде өткізілді. Ертеңгіліктің соңында балаларға экскурсия жүргізілді (1350 білім алушы).



6 сурет. Наурыз мерекесін тойлауға орай тақырыптық экскурсия

2018 жылдың басында ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауға арт-терапия, қолөнерге үйрету және балалардың шығармашылық көрмелерін ұйымдастыруға бағытталған «**Мейірім**» жобасы жүзеге асырылып келеді.

«**Мейірім**» жобасының басты мақсаты- музейге келген денсаулық мүмкіндіктері шектеулі жандарды (бұдан әрі мүмкіндігі шектеулі) музей кеңістігі арқылы қоғамда әлеуметтендіру.

Басты міндеттері: мүмкіндігі шектеулі жандарды музейлік білім беру кеңістігі арқылы Қазақстанның және басқа елдердің мәдени құндылықтарымен таныстыру, ой-өрісін дамыту, ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға түрткі беру, сондай-ақ бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беру.

«**Мейірім**» жобасының аясындағы барлық атқарылған жұмыстар музейдің қызметімен байланысты яғни музейге келушілерді музей қорындағы картиналармен, қолданбалы қолөнерінің бұйымдарымен, кәдесыйлармен, музыкалық аспаптармен және т.б. таныстырып, көрмелер бойынша экскурсиялар, киіз басу, зергерлік өнер, қыш ісі, бейнелеу өнері бойынша шеберлік сыныптар жүргізіледі. Музейде өз ісінің маманы, қолөнер шеберлері жұмыс жасайды. Мәдени-білім беруге арналған іс-шаралар арнайы әдістеме бойынша келушілердің сұранысын, әрбір аудиторияның ерекшелігін ескере отырып өткізіледі, сурдоаудармашыларды шақырылады, Брайл қарпімен жазылған мәтіндер қолданылады.

Астана қаласы №1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің (17 қазан) және Ұлттық балаларды оңалту орталығының (29 қазан) базасында балаларға арналған «Ұлттық ою өрнектер өнері» атты музейлік сабақ өткізілді.

Балаларға қазақ ою-өрнектерінің пайда болу тарихы мен оның зооморфтық, өсімдік тәріздес, геометриялық және космогониялық түрлері туралы шағын ақпарат берілді. Практикалық бөлімінде балалар ою-өрнектерді қолдана отырып кілемді әрледі.

10 қазанда Ақмола облысы Шортанды ауданының Бозайғыр орта мектебінің оқушыларына арнайы «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі-тарих пен мәдениеттің қайнар көзі» атты экскурсия сабақ өткізілді. Экскурсия барысында оқушылар музейдің археология, алтын, этнография, тарих, Тәуелсіз Қазақстан, Астана, заманауи өнер залдары, сонымен қатар бойынша «Еуразияның өрнек ырғақтары. Ежелгі кезеңнен қазіргі уақытқа дейін» көрмесін тамашалады. Оқушылар Қазақстанның ежелгі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейінгі тарихы туралы деректермен танысты. Алған білімдері өскелең ұрпақтың адамгершілік-патриоттық және мәдени, ой-өрісінің дамуына септігі тиеді.

Біздің жұмысымыздың маңызды бөлігі бұл музей залдары, көрмелер бойынша экскурсия жүргізу болып табылады. «Тәуелсіз өмір «Дос» денсаулық мүмкіндіктері шектеулі Орталығының мүгедектер қоғамдық бірлестігі жанындағы «ДОС-Арт» мәдени-ойын-сауық клубының мүшелеріне «Поль Серюзье және



Бретань: Аңыздар сиқыры», «Пабло Пикассо: «Селестина және «Валлорис керамикасы», «Еуразияның өрнек ырғақтары. Ежелгі кезеңнен қазіргі уақытқа дейін» және т.б. көрмелері бойынша экскурсиялар жүргізілді.

Біз әртүрлі Орталықтармен, ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесе белсенді жұмыс атқарамыз. 15 тамызда Ұлттық балаларды оңалту орталығында Қазақстан

Республикасының Конституциясы күніне арналған «Біз ұлы елдің азаматтарымыз» музей сабағы өткізілді. Орталықта емделіп жатқан, Қазақстанның барлық жерлерінен келген әртүрлі жастағы балалар ҚР Конституциясына қатысты қойылған сұрақтарға



дұрыс жауап беріп, Қазақстан тарихы бойынша өздерінің білімін көрсетіп сабаққа белсенді қатысты.

Сабақтың негізгі мақсаты – ҚР Конституциясы туралы білімдерін дамыту, патриоттық, өз елі үшін мақтаныш сезіміне тәрбиелеу, оқушылардың азаматтық-құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Сабақта ең белсенді қатысқан оқушыларға мадақтамалар тапсырылды. Сабақтың соңында бәрінің сүйікті әніне айналған Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әні орындалды.

8 желтоқсанда «Art Masters London» өнер мектебімен бірге «**AYALA**» инклюзивті білім беру жобасы іске қосылды. Ерекше білім алуға қажеттіліктері бар (церебралдық сал ауруы және аутистік спектрдің бұзылуы диагнозы қойылған) балаларға және олармен жасты қарапайым балаларға арналған «Ғажайып ертегі» атты танымдық, қызықты бағдарлама әзірленді.

Күні бойы балалар «Тоқыма матадан дайындалған картина: киізден бұйымдар жасау», «Ұлттық ою-өрнек өнері», «Тілектер шыршасы» және «Сиқырлы ашық хат» атты **8** шығармашылық шеберлік сыныптарға қатысты. Өз қолымен дайындалған жүннен тоқылған картиналар, саз мүсіндер, тұмарлар, жұқа киізден жасалған көркем кілем және ғажайып ашық хаттар балалар мен ата-аналарды қуанышқа бөледі.

«**AYALA**» **жобасы** ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балаларды, сондай-ақ қарапайым балаларды бірлескен экскурсиялар, музей сабақтары, шеберлік сыныптар, ойындар және т.б. ұжымдық қатысу стратегиясын қолдана отырып, қызметтің бірдей түрлеріне тартуды қарастырады. Бірлескен сабақтарда балалар бір-бірімен өзара қарым-қатынасты орнатады, бір-біріне көмектесіп тілдесуді үйренеді.

Экскурсиялық қызмет көрсету секторының қызметкерлері Музей педагогикасы секторымен бірлесе отырып, Астана қаласының орта және жоғары оқу орындарының білім алушыларына дәрістер, экскурсия-сабақтарын өткізеді. Тыңдаушылардың қатарында №72 мектеп-лицейінің оқушылары, Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университетінің тарих факультеті және Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының студенттері бар. Аталған кездесулер туралы ақпараттар осы оқу орындарының ресми сайттарында <http://www.msu.kz>, <http://hist.enu.kz/> орналастырылған.



7 сурет. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің тарих факультетінде дәріс

Музейдің білім беру қызметі ғылыми басылымдар, ғылыми-танымал және әдістемелік әдебиеттер арқылы жүзеге асырылады. 2018 жылдың ішінде **6 ғылыми мақалалар** жарияланды.


Музейдің жоғары мәртебесін және экскурсия жүргізушілерге қойылатын талаптардың деңгейін ескере отырып, экскурсиялық қызмет көрсетудің сапасын арттыру мақсатында әдістемелік жұмыс жүргізіледі.

Есепті кезең ішінде бөлімнің әдіскерлері және экскурсия жүргізушілерімен бірлесе отырып әртүрлі тақырыптарға мәтіндер жазылды, залдар бойынша экскурсиялар тыңдалып, нәтижесінде 8 рецензиялар дайындалды, көрме залдары бойынша тәжірибелік экскурсиялар жүргізілді. Жаңадан келген экскурсия жүргізушілерге экскурсия жүргізудің негіздеріне үйрету бойынша біршама жұмыстар атқарылуда.

Экскурсияның мәдени-білім беру қызметінің басқа формаларынан ерекшелігі оның музей экспозициясымен үздіксіз байланысты болуында.


Экскурсияның мәні музейге келушілердің экспозициялық бейнені бірқалыпты қабылдауын, әрбір нақты экскурсиялық топтың ерекшелігін ескере отырып, экспозицияның мазмұнын мен идеясын ашу болып табылады.

2018 жылдың ішінде **6544 экскурсия** жүргізілді, оның **55 %** -ақылы, **45 %**- тегін.



8 сурет. 2018 жылы жүргізілген экскурсиялардың саны.

Экскурсия музей аудиториясының дамуына, тәрбиесіне және білім деңгейінің артуына әсер етеді. Экскурсиялық қызмет көрсету секторының қызметкерлері шолу және тақырыптық экскурсиялар жүргізеді. Экскурсанттардың жалпы санының **55 %-ы** тегін, ал **45 %-ы** ақылы түрде экскурсия тыңдады. **65294 адамға** экскурсиялық қызмет көрсетілді.



9 сурет. 2018 жыл ішіндегі экскурсанттардың саны

Контингентті қарастыра отырып экскурсанттарды 9 санатқа бөлуге болады:


| п/п | Санаттар | Экскурсанттардың саны, адам | оның ішінде: | |
|------------------------------------|---------------------------------|-----------------------------|--------------|--------------|
| | | | ақылы | тегін |
| 1 | Ересектер (басқа санат) | 21290 | 6898 | 14414 |
| 2 | Оқушылар | 20286 | 14465 | 7675 |
| 3 | Шетелдіктер | 8846 | 5324 | 3882 |
| 4 | Студенттер | 4595 | 1194 | 3612 |
| 5 | Зейнеткерлер | 1952 | 1016 | 971 |
| 6 | 7 жасқа дейінгі балалар | 1742 | 342 | 1888 |
| 7 | Мүмкіндігі шектеулі жандар | 1726 | 0 | 1714 |
| 8 | Әскери қызметшілер | 1501 | 23 | 1477 |
| 9 | Балалар үйінің тәрбиеленушілері | 574 | 18 | 381 |
| «Музей түні» акциясына қатысқандар | | 2728 | | |
| Барлығы: | | 65294 | 29280 | 36014 |

3 кесте. Экскурсанттардың санаты

Қазақстан Республикасындағы шетелдік өкілдіктердің және елшіліктердің, ұйымдар мен мекемелердің, топтардың, жеке келушілердің, бөлім қызметкерлердің өтініштері (on-line, жазбаша) және жолдаулары бойынша 6 тілде экскурсиялар жүргізіледі:

| Жүргізілген экскурсиялардың тілдер бойынша | Экскурсиялардың саны | Жалпы санынан % өлшемі |
|--|----------------------|------------------------|
| Қазақ тілі | 2638 | 40,3 |
| Орыс тілі | 2674 | 40,9 |
| Ағылшын тілі | 894 | 13,7 |
| Қытай тілі | 174 | 2,7 |
| Түрік тілі | 110 | 1,7 |
| Француз тілі | 54 | 0,8 |
| Барлығы: | 6544 | 100 |

4 кесте. Тілдер бойынша алғандағы экскурсиялардың саны



10 сурет. Тілдер бойынша алғандағы экскурсиялардың саны

Есепті кезеңде Ұлттық музейге **253 ресми делегациялар** келді.



11 сурет. Палестина Мемлекетінің Сыртқы істер және экстринттар ісі бойынша министрі Риядааль – Мальки.

Экскурсия жүргізуші – Султанова А.



*12 сурет. Күллі Палестинаның және Иерусалимнің Патриархы Феофил III.
Экскурсия жүргізуші – Смагулов Н.*



*13 сурет. «ТМД-ның Уолт Дисней Комани» бас директоры Марина Жигалова – Озкан.
Экскурсия жүргізуші – Султанова А.*



*14 сурет. Қазақстан Республикасының премьер-министрі Б. Сағынтаев, Қырғыз Республикасының премьер-министрі Мухамметкали Абулгазиев, ҚР Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы бастаған делегация
Экскурсия жүргізуші – Жумагулова А.*



15 сурет. Ресей Федерациясының Мемлекеттік Дума депутаттары. Экскурсия жүргізуші – Дарбаев А.



*16 сурет. «Единая Россия» фракциясының жетекшісі Неверов С.И және Мемлекеттік Дума комитетінің федеративті ұйымдастыру және жергілікті басқару мәселесі бойынша төраға орынбасары В. Терешкова бастаған Ресей Федерациясының Мемлекеттік Дума депутаттары
Экскурсия жүргізуші – Жумагулова А.*



*17 сурет. Норвегия Корольдігінің өкілдері
Экскурсия жүргізуші – Нуртазина Д.*



18 сурет. Армения Республикасының Президенті А. Саркисянның жұбайы Нуне Саркисян және ҚР Сенатының депутаты Д. Назарбаева бастаған делегация Экскурсия жүргізуші – Жумагулова А.



19 сурет. Үндістанның білім министрі Сатьяпал Сингх. Экскурсия жүргізуші – Султанова А.



20 сурет. Бразилияның Премьер – министрі. Экскурсия жүргізуші – Назимбекова А.

Экскурсиялық қызмет көрсету секторының қызметкерлері Ұлттық музейдің ұйымдастырған халықаралық жобаларына да қатысады. Экскурсия жүргізушілер Султанова А., Жумагулова А., Назимбекова А. **«Ұлы даланың мұрасы. Зергерлік өнердің жауһарлары» көшпелі көрмесінің ашылу** рәсіміне қатысты.

Атап көрсететін болсақ, Султанова А. Сиандағы (Қытай) Шэньси провинциясының Тарих музейінде, Кореяның Сеул қаласындағы Ұлттық музейінде, Жумагулова А. Мәскеудегі Бүкілресейлік сәндік-қолданбалы және халық өнері музейінде, ал Назимбекова А. Азербайжан Республикасының Баку қаласындағы Ұлттық тарих музейінде ұйымдастырылып, халықаралық деңгейде өткізілген бұл көрменің ашылу салтанатына қатысты.

Аталмыш көрме 2017 жылы бастау алған **«Алтын адамның әлем музейлері бойынша шеруі»** халықаралық көрмелік жобаның аясында өткізілді.



*21 сурет. Польшаның Парламент вице-спикері Борусевич Б «Ұлы Даланың мұрасы» көрмесінде
Экскурсия жүргізуші – Султанова А.*

2018 жылы 21 ақпанда Халықаралық экскурсия жүргізушілер күніне орай Экскурсиялық қызмет көрсету секторы «Экскурсиялық істің қазіргі жағдайы және оның мәдени мұраны насихаттаудағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.



22 сурет. Халықаралық экскурсия жүргізушілер күніне арналған дөңгелек үстел

Дөңгелек үстелге Тұңғыш Президент кітапханасының, МТА «Армантур», Астаналық туризм ассоциациясының, РМҚК «Бейбітшілік және Келісім музейі», С.Сейфуллин атындағы музейдің, «Атамекен» этно-мемориалды кешенінің, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК-ның, «АЛЖИР» музейлік-мемориалды кешенінің қызметкерлері қатысты. Аталмыш іс-шарада Экскурсиялық қызмет көрсету секторының экскурсия жүргізушісі Султанова Аягыз «Экскурсиялық істі дамытудың тұжырымдамалық мәселелері: проблемалары және шешімі» тақырыбында баяндама оқыды. Сонымен қатар, дөңгелек үстелдің қатысушылары ҚР елордасы Астананың 20-жылдығына арналған «Ел жүрегі – Астана» экскурсия-репортажын тыңдады.

Дөңгелек үстелдің соңында танымал өнер қайраткерлерінің қатысуымен «Жұлдызды гид» жобасы ұйымдастырылып жүзеге асырылды. Отандық театр және эстрада сахнасының жұлдыздары экскурсиялық қызмет көрсетті. Музейге келушілер (келушілердің саны **2115** адамды құрайды) жұлдыздар жүргізген экскурсияларды мұқият тындап, жоба соңында ұйымдастырылған концертті тамашалады.



23 сурет. Театр және киноның актері Даурен Сергазин Тарих залында экскурсия жүргізуде

21 ақпанда музейге келушілерді Алтын залдарының экспозицияларымен актриса, әнші **Айгул Иманбаева** (ҚР еңбегі сіңген қайраткері), дәстүрлі әндерді орындаушы **Айгул Косанова** (ҚР еңбегі сіңген қайраткері), Қазақстан тарихы залымен театр және кино актері **Даурен Сергазин**, Тәуелсіз Қазақстан залымен эстрада әншісі **Досанали Дауылбаев**, Этнография залын актер **Нуркен Отеулов** (ҚР еңбегі сіңген қайраткері), Астана залымен

қазақстандық эстрада әншісі **Женис Искакова (ҚР еңбегі сіңген қайраткері)** таныстырды. Аталмыш жобаның музейде жүзеге асыру тәжірибесі 2016 жылдан басталған болатын. Акция «жұлдыз» экскурсия жүргізушілерінің қатысуымен болған концертпен аяқталды.

2018 жылы сәуірде экскурсия жүргізушілердің жұмысын жақсарту және кәсіби деңгейін анықтау мақсатында «Жылдың үздік экскурсия жүргізушісі» байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Экскурсиялық қызмет көрсету секторының қызметкерлері 2017-2018 жылдары бойынша есеп тапсырып, экскурсия жүргізу бойынша өз шеберліктерін көрсетті. I дәржелі дипломмен Дарбаев А. марапатталды. Екінші орынға Султанова А., ал үшінші орынға Кемал Ә ие болды.



24 сурет. «Үздік экскурсия жүргізуші» байқауының I кезеңі – өзін таныстыру.

Экскурсия жүргізуші – Кемал Ә.

2018 жылы 18 мамырда ҚР Ұлттық музейінде Халықаралық музейлер күніне арналған «Музей түні» мәдени-ағартушылық акциясы өткізілді. Акция сағат 18.00 -ден 24.00 дейін созылды. Келушілердің жалпы саны **37 000 адам**. Музей залдары бойынша **220 экскурсиялар** жүргізілді. Жыл сайын өткізілетін халықаралық акцияға Бөлімнің барлық қызметкерлері белсенді қатысты, музейдің басқа құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп музейлік квесттер, экскурсиялар, қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт және т.б. ұйымдастырылды.



25 сурет. «Үздік экскурсия жүргізуші» байқауының қатысушыларын марапаттау рәсімі

23-30 тамыз аралығында Қазақстандағы ҚХР Елшілігі және ҚХР Мәдениет министрлігінің ұйымдастыруымен музей ісінің жоғары буындарының семинары өткізілді. Аталмыш семинарға Экскурсиялық қызмет көрсету секторының қызметкерлері Айбусынова А. және Кемал Ә. қатысты.



26 сурет. Айбусынова А. және Кемал Ә. Қытайдағы жоғары буын семинарында

Бөлім қызметкерлерінің халықаралық жобаларға және біліктілікті арттыру курстарына қатысуы өткізілген іс-шаралардың соның ішінде экскурсиялардың, дәрістердің, сабақтардың, әдістемелік жұмыстың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Есепті кезең ішінде Экскурсиялық қызмет және музей педагогикасы бөлімінің қызметкерлері Қазақстанның және Ресейдің телеканалдарына **70 сұхбат** берді, сонымен қатар Экскурсиялық қызмет көрсету секторының қызметкерлері Ұлттық музейде жыл сайын өткізілген барлық іс-шаралардың жүргізушілері болды.

II. 6. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы ашылған күннен бастап мәдениет саласындағы жетекші мұражайлармен, қорлармен және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық аймағын жүйелі түрде кеңейтуде.

Осылайша, тек 2018 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі төрт музеймен: Т.Шевченко атындағы Ұлттық мұражайы (Украина, Киев), Әзірбайжанның Ұлттық тарих музейі (Баку), Тәжікстанның Ұлттық мұражайы (Душанбе) және Өзбекстанның Мемлекеттік тарих мұражайымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Бұдан басқа, LCW Group SRL (көрме және көрме іс-шаралары бойынша ынтымақтастық туралы, Италия), SonMar Group LLC (көрме және көрме іс-шаралары бойынша ынтымақтастық туралы АҚШ, АҚШ) сияқты қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.

«Алтын мұра» жобасының шеңберінде әлем мұражайларында «Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнердің шедеврлері» атты көрмені ұйымдастыру үшін шетелдегі жетекші мұражайлармен келісімдерге қол жеткізілді. Осы жобаның шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Әзірбайжанның Ұлттық музейі, Бүкілресейлік Сәндік, қолданбалы және халықтық өнер мұражайы, Шэньси провинциясының тарихи мұражайы, Гданьск мұражайы және Корей Ұлттық мұражайымен тығыз ынтымақтастықта.

Халықаралық көрмелер шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы мемлекеттік Третьяков галереясы, Францияның Гала-Палас мұражайлар одағымен тығыз жұмыс істейді.


2016 жылдан бастап Қытай Халық Республикасының Елшілігі мен Қытай Мәдениет министрлігінің Басқару Академиясымен бірлесе отырып мұражай қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру семинары ұйымдастырылды. 2018 жылдың тамыз айында Ұлттық мұражайдың 17 қызметкері мұражайды басқару бойынша жоғары деңгейдегі семинар өткізді. Семинар Қытайдың үш қаласында өтті - Пекин, Чунцин және Харбин, содан кейін дипломдар берілді.

Бүгінгі таңда Еуропаның жетекші мұражайларымен (Грецияның археологиялық мұражайы, Афины, Өркениет мұражайы, Италия), Азия (Ұлттық мұражайы, Нара ұлттық мұражайы, Кашихара, Үндістанның Ұлттық

музейі, Дели) және Америкамен ынтымақтастық орнату бойынша келіссөздер жүргізілуде.

II. 7. ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Орталық Азиядағы ең ірі мұражай – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде мультимедиялық технологиялар жәдігерлер туралы қосымша ақпарат алу үшін және тереңірек түсіну мақсатында қолданылады. Мультимедиа – ақпараттық-танымдық және әсер қалдыратын құрал. Музейдегі медиақұралдар әртүрлі болғандықтан, ол мұражай экспозициясын көркемдейді, ең бастысы – келушілердің қызығушылығын арттыра түседі. Мұражай тақырыбындағы авторлық инсталляциялар мен экспонаттар туралы мультимедиялық технологияларды қолдана отырып көрсетілген ақпараттар келушілердің жадында үлкен әсер қалдырады және музейге келуге қызығушылықты арттырады. Тірілей көрсету мүмкін емес заттарды есте сақтарлықтай және көрнекті етіп көрсетуге көмектеседі. Келушілерге шын мәнінде қандай екенін көрсету қиын әрі мүмкін емес экспонаттар бар (қорларда сақталып тұрған заттар, жоғалған немесе көлемі тым кішкентай немесе тым үлкен заттар және т.б.). Мұндай жағдайда голографиялық сөрелер мен басқа да инсталляциялар көмектеседі. Бұл музей кеңістігінде көрсету мүмкін емес процестер туралы әңгімелерге де қатысты.



Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде 2269 медиа құрылғылар бар. Күн сайын әрбір құрылғы пайдалануға жарамды болуы керек. Медиақұрылғыларға электрқуаты жеткілікті болу жағын, технологиялық қолдау мен техникалық қызмет жағына ІТ және электронды технологиялар саласындағы жоғары білікті тәжірибелі мамандар жауапты. Олар музейдегі технологиялардың үзіліссіз қызмет етуін, жаңа бағдарлама жүктеу мен мультимедиялық кешен контентін жаңартуға жауап береді.

Музейге кіргендегі бірінші зал – Атриум. Атриумда 1,5 сағат сайын бірегей жарық-дыбысты «Өз елім» көрсетілімі болады. Онда музыканың сүйемелдеуімен Қазақстанның картасы мен қыран көрсетіледі. «Өз елім» көрсетілімі күніне 5 рет қойылады.




Қазақстан картасында еліміздің жетістігін көрсететін видео-контент ұсынылады. Картада жоғары сапалы жарықты қамтамасыз ететін 4 проектор қамтылған. Қыран пластикалық бөлшектерден жасалған. Музыкаға кеңейтілген жиілік диапазоны бар 10 қуатты динамик

қосылған. Шоуды 12 проектор сүйемелдейді. Сәуле шашушы аспаптардың жарығы да қуаттылығы да жоғары. Шведтік компания Dataton-ның Watchout жүйесі дыбыс, сәуле және жобалық жүйелерді бір сценарийге біріктіреді. WATCHOUT – мультимедиялық шоуды жасайтын және көрсететін әлемдегі ең дамыған жүйелердің бірі. WATCHOUT әсерлі коллаждар, суреттер, видеолар, 3Д және интерактив жасауға қолайлы құрал. Музей мамандары ай сайын профилактикалық жұмыс жасап тұрады.



«Алтын» залына келушілер 40 000 жарықдиодымен сәнделген «Жел раушанын» көреді. Нүктелі жарықдиодтары бар лента түстерді таңдап, өзгертіп, үйлестіре алады. «Алтын» залының екінші бөлмесінде мәтінді материалдан, қозғалатын бейне, видео және суреттерден тұратын 5 ақпараттық киоск бар.

Археология залында медиа құрылғылардан Touchscreen (тачскрин) 51 сенсорлы экраннан құрылған сарқырама бар. Бұл сенсорлы экран жоғары деңгейлі қорғалған және суретті анық-қанық етіп көрсетеді. сенсорлы экрандар 24*7*365 режимінде әртүрлі күйде жұмыс істей алады. тез арада жауап қатып, жеңіл жұмыс істеуіңізге көмектеседі. 2 немесе 4 инфрақызыл жақтамалар біруақытта жұмыс істейді. Төзімді, кең ауқымды қосымшаларды қолдана алатын, жарыққа сезімталдығы төмен дисплейлер мұражайлық және көрмелік экспозициялардың мінсіз Touchscreen шешімі болып табылады.



Келесі зал – Этнография залы. залдың ортасында киіз үй орналасқан, ал оның үстінде жарықдиодты, жеңіл, тығыздығы жоғары пиксельді, аспанға ұқсас әсер қалдыратын видео-экран орналасқан. Төрт минут сайын күн мен түн бейнесі ауысып отырады. Зал қабырғасына 15 проекторы бар экран орналасқан. Онда қазақ халқының тұрмысы туралы бейнеролик көрсетіледі. Залдың бұрышында «Realfiction» компаниясы ұсынған DREAMOS 1 голограммасы орналасқан. Ол голографикалық бейнелермен керемет үйлесіп, заттарды үш өлшемді видео-ақпарат етіп көрсетуге мүмкіндік береді. құрылғы сұйықкристалды дисплей мен пирамиданы құрайтын 3 түссіз айнадан тұрады. Кеңістікте қалықтап тұрған сандық, торсық, бесік және домбыраны көре аласыз. DREAMOS-тің бірегей функциялары әртүрлі заттарды виртуалды бейнелермен үйлестіруге мүмкіндік береді. Қойылымдар мен көрсетілімдер үшін 3Д анимациялар, графикалар мен видеолар қолданылады.

Тәуелсіздік залында орналасқан ақпарат-экрандарынан мемлекеттің құрылуы мен бүгінгі күнге дейінгі оқиғалар туралы білуге болады. Залда 64 LED-экран, 2 ақпараттық киоск, 10 анимациялық фильм және 8 ерекше мультимедиялық экран бар.

Астанадағы 1-жолбасшыдағы мәлімдеме қосымшасынан 3Д форматтағы әлеуметтік-саяси және мәдени орталықтар туралы ақпараттарды көруге болады.



«Қазақстан жолы» LED-экраны. Файлға кез келген күнмен кіріп, аталған күн бойынша кез келген қажетті ақпарат ала аласыз. Іздеу жүйесінде фото, видеоархив және басқа да арнайы бөлімдер бар. Бірегей контенті бар 2 электронды кітап бар. Онда Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың еңбек жолы

көрсетілген.

Астана залы. Залда заманауи көрмелік технологиялар қойылған. Солардың бірі – арнайы контенті бар, екі залға бірдей жұмыс істейтін иілген бірегей экран. Бұл жерде Қазақстанның табиғаты: кең дала, таулар мен ормандар туралы фильмдер көрсетіледі. Орталық Азияда баламасы жоқ экранда жоғары сапалы бейнелі 30 проектор жобаланған. Астана залында ғарыштан түсірілген астананың үлгісі назар аудартапай қоймайды. Үлгіге 32 проектор қойылған. Бұл залда 835 экраны бар медиақұрылғы орналасқан. Мұның бәрі түрлі-түсті шоуға ұласады.



Қабырғада ілінген 3Д мониторлар арқылы астананың мәдени жерлеріне виртуалды түрде шарлап, болашаққа үніліп немесе қаланың сәулет құрылысы қалай дамып жатқанын көруге болады. Астана залында мультитач технологиясымен жұмыс істейтін 8 монитор қойылған. Ол заманауи оптикалық сенсорлы технология негізінде жасалған және ол кез келген бөлшекті

барынша үлкейтін көрсете алады.



Монитор арқылы экранды клавиатурамен мәтін жазуға болады. Қолдың әртүрлі қимылдары арқылы бейнені үлкейтуге, кішірейтуге, айналдыруға, дөңгелетуге болады. Дисплейге HDMI, DVI арқылы және соған ұқсас жүйелер

арқылы қосылуға болады, сондай-ақ сенсорлы панельге арналған USB-интерфейсі арқылы қосылады.



Ұлттық музейді «ақылды музей» деп атауға болады, музейде экспонатты өнердің жаңа, заманауи түрі ұсынылған. Музей әлемдік стандарттарға сай келетін құрылғылармен толықтырылған. Музейге келушілер навигация жүйесі арқылы қай жерде қандай экспонаттарды көруге болатынын, сондай-ақ музей сағат нешеден нешеге дейін жұмыс істейтінін

және басқа да ақпараттарды біле алады. Интерактивті киосклер, столдар мен сөрелер музейге келушілерге анықтама түрін немесе басқа ақпарат түрін таңдауға, таңбалауға және сөрелерде сақталып тұрған заттарға қатысты анықтама алуға, ақпараттық жүйелерді қарауға немесе виртуалды экспозициялар бойынша ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Мультимедиалық гид ақпаратты үш тілде береді.

Сондай-ақ, үш тілді аудиогидтер бар, олар адам түріндегі гидтерді алмастыратын құрылғылар. Қолданушы оны басқару үшін бар болғаны бір ғана тетікті басады.

Музей аумағын электрмен жабдықтау үшін ғимаратта үздіксіз қуат көздері (UPS) арқылы қосылатын екі трансформаторлы қосалқы станция, қосымша РУ-10кВ мен РУ-0,4кВ жүйелері орналасқан. Олар резервті автоматты түрде қосады. Апатты жағдайда қосылатын үшінші электр энергиясы көзі бар. Ол – әрқайсысының қуаттылығы 1020кВА болатын 3 дизель-генераторлы құрылғы. Сонымен қатар, автоматты өрт сөндіру дабыл қаққыш жүйесі, эвакуация туралы ескерту және басқару, күзет дабылы, кіруді бақылау және басқару, бейнебақылау, авариялық және эвакуациялық жарықтандыру, ақпараттық дүңгіршектер, проекторлар және медиа жабдық, сондай-ақ, қымбат ылғалдылықтың бұзылуы, жабдықтау және шығыс машиналарын, кондиционерлерді, айналым сорғыларын және т.б. қосу және өшіруді істен шығарудың алдын алатын маңызды жүйелер бар.

Ғимаратта қонақтар мен Музей қызметкерлерінің ыңғайлылығы үшін 15 жолаушы, 2 жүк лифтiсi, 18 эскалатор, мүмкiндiгi шектеулi жандарға арналған 1 лифт бар.

II. 8. «ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ӨЛКЕТАНУДЫ ДАМУ БӨЛІМІ


Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасындағы «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы» негізінде құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының 2018 жылғы негізгі бағыттарының бірі қазақстанның жалпыұлттық және өңірлік тізіміне енгізген қасиетті нысандарын халыққа кеңінен таныстыру, дәріптеу, насихаттау жұмыстары болды. Елбасымыз

жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын нықтап айтқан болатын. Халқымыздың сан жылдық тарих қойнауынан атадан балаға, ғасырдан ғасырға мұра болып жеткен өшпес асыл қазыналары тарихи-мәдени және рухани құндылығымызды жас ұрпақтың бойына сіңіру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Өскелең ұрпаққа туған жеріміздің киесін тарих пен құндылықтар арқылы түйсіндіру, қызықты етіп жеткізе білу міндеті тұрды.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми –зерттеу орталығы өз жұмыстарын бекітілген жоспар бойынша іске асырды.

Наурыз-шілде айларында Қазақстанның жалпыұлттық, өңірлік нысандары бойынша 3D –түсірілімі бар көпсалалы виртуалды картаға қысқартылған түрде мәліметтер жинақтап, қосымша ақпараттар енгізілді (Р.Кенжебекова, Г.А. Шауенова).



15-17 маусым - Астана қаласы, Ы Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтында ҚР білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен Ы Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институты дайындаған «Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасындағы өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері» жобасының тұжырымдамасын құрастыру жұмыстары (Б.Жұмабаев);

26 маусым - Астана қаласы, №76 мектеп. ҚР білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес Өлкетану оқулықтары мен оқу әдістемелік кешендерді басып шығаруға дайындауды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобы құрамында 5-7 сынып оқушыларына арналған «Өлкетану» оқулықтарына сараптамадан өткізіп, бағалау парағын толтыру (Б.Жұмабаев);

27-28 маусым - Астана қаласы, №76 мектеп. ҚР білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес Өлкетану оқулықтары мен оқу әдістемелік кешендерді басып шығаруға дайындауды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобы құрамында 5-7 сынып оқушыларына арналған «Өлкетану» оқулықтарына сараптамадан өткізіп, бағалау парағын толтыру (Р. Кенжебекова);

4 шілде - Астана қаласы, Ы Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институты, ҚР білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен Ы Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институты дайындаған «Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасындағы өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері» жобасын жұмыс тобы құрамында талқылау, толықтыру жұмыстары (Р. Кенжебекова);

15-22 шілде - Алматы қаласы, 2018 жылдың 10 шілдесіндегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, Өлкетану оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерді



басып шығаруға дайындауды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобының отырысы. (Б.Жұмабаев, Г. Шауенова).

Орталық қызметкерлерінің мақалалары:

- Р.Кенжебекова. *Наурыз мейрамының бүгінгі келбеті.* «Наурыз –Ел Ұлықтаған Ұлы күн» республикалық ғылыми конференция жинағы. 144-147 бб. 30.03.2018 ж. ҚР Ұлттық музейі.

- Б.Жұмабаев. *Жастарға білім беру саласында қасиетті нысандардың рөлі* (Роль сакральных объектов в воспитании молодежи). 19-21 қыркүйекте Павлодар қаласында өткен XXII Халықаралық ғылыми симпозиумы аясындағы «Археологиялық және этнографиялық зерттеулер интеграциясы» конференциясына қатысушыларының ғылыми мақалаларының жинағы. 145-148 бб. «Ғылым» баспасы (Омбы).

- Б.Жұмабаев. *Қазіргі қоғам рөліндегі киелі (қасиетті) нысандардың алатын орны.* «Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 318-319 бб. 18-20 қазан. Түркістан қаласы

- Б.Жұмабаев. *Қазақ этносындағы қасиеттену ұғымы.* «Астананың мәдени мәтіні» халықаралық ғылыми-танымдық конференция 23-24 тамыз. Астана қаласы.

-Р.Кенжебекова. Көшпелілер мұрасы-қойтас. «Мәдени мұра» журналы № 4. 2018 ж.

ЖОБА АЯСЫНДАҒЫ ІС-САПАРЛАР



1-2 наурыз - Ақмола облысы, Бурабай ауданының «Звездный» балалар сауықтыру орталығында Ақмола облысының білім беру мекемелерінің мұражайларды дамыту бағдарламасы жобасы



негізінде «Teach-in» үлгісінде «Балаларға арналған өлкетану: идеялар мен тәжірибе» атты республикалық семинар болып өтті. Республикалық семинар жұмысына «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы басшысының орынбасары Батырхан Жұмабаев қатысты.

Сілтеме: https://www.inform.kz/kz/olketanushy-tarihshylardyn-soltustik-ligasy-kurylatyn-bolady_a3171779?fbclid=IwAR2urR-VMitwwJvGDyf80n41MoXTvW-gKDWNSSHvKrfRr6PtQ3-yAPnFuXY

5 наурыз - «Қазмедиаорталығы» мәжіліс залы, Қазақстан Республикасы Мәдениет жән спорт министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында аталмыш



ведомствоның басшысы Арыстанбек Мұхамедиұлы Мемлекет басшысы Жолдауда болашақтың бет-бейнесін қалыптастырушы жастарға мүмкіндіктер беру туралы айтылды. ҚР Мәдениет жән спорт министрлігінің кеңейтілген алқа отырысына Орталықтан Б. Әбдіғалиұлы мен Б.Жұмабаев қатысты.



14 наурыз - Қарағанды қаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Орталық сараптама кеңесінің көшпелі мәжілісі өтті.

Сараптама кеңесінің көшпелі мәжілісі өңірлік жобалау кеңселері мен сарапшылар қауымдастығы арасындағы өзара байланысты жақсартуға, Қарағанды облысындағы «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының орындалуын терең талдауға, алда іске асырылатын жобалардың сапасын арттыру бойынша ұсыныстарды қалыптастыруға, сонымен қатар «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының

орындалуы, өлкетану бойынша оқулықтар әзірлеу, баспадан шығару, материалдық және материалдық емес мәдени ескерткіштер ресстрін қалыптастыру тәжірбиесін қолданысқа енгізуге бағытталды.



«Қазақстанның киелі орындарының географиясы» республикалық және өңірлік жобалары туралы «Қасиетті

Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы баяндама оқыды.

19 наурыз - Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы. «Шығыс Қазақстан облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» алқа мәжілісі. (Б.Әбдіғалиұлы).

Сілтеме: <https://kaz.altaynews.kz/archives/26260>

11 сәуір - Ақмола облысы, Көкшетау қаласы. «Саналы қоғам – сапалы даму» ғылыми-тәжірбиелік конференциясы.

Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық музыкалық драма театрында ұйымдастырылған тағылымды шараға



Ақмола облысы әкімінің орынбасары Айна Мысырәлімова, ҚР Парламентінің Сенат депутаты Жеңіс Нұрғалиев, Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры Ерлан Арын мен Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Анатолий Башмаков, «Киелі Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиев қатысты.

Көкшетауда өткен «Саналы қоғам – сапалы даму» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы жоспарлар таныстырылды. Шара аясында арнайы көрме ұйымдастырылып, қатысушыларға смартфон және планшеттерге «Qazaq Latyn Keyboard» латын қаріпті қазақша пернетақта жобасы таныстырылды.



Сілтеме: <http://jasqazaq.kz/2018/04/16/berik-abdigali-by1-ylken-tarihtyn-bastamasy/?fbclid=IwAR2hPJTKoaafLF38CEN6isLNgU3dK4-36jrQ1kDnOuDxowBXVxxgOS0NfbA>

18-22 сәуір - Түркістан қаласында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Қазақ хандарының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы рөлі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы қатысты.



18-23 сәуір - "Рухани жаңғыру" бағдарламасының басым бағыттарының бірегейі "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" арнайы жобасы. Осынау жобаның жүзеге асырушы "Қасиетті Қазақстан" орталығының жетекшісі Берік Әбдіғалиұлы Оңтүстіктегі киелі орындарда болды. Киелі орындарды абаттандыруға және жан-жақты

дамытуға қатысты жай-күйімен танысты.

18 сәуір - Ақмола облысы, Көкшетау қаласы. 18 сәуірінде Көкшетау қаласындағы «РИО» ойын-сауық орталығында «Қасиетті география» арнайы жобасын жүзеге асыру аясында «Ескерткіш – көненің көзі, тарихтың өзі» атты «Life Patriotic Coaching» түрінде студенттер мен өлкетанушылар, облыс орталығының тұрғындарымен қонақтарына арналған іс-шара өтті.

Бұл шараны Ақмола облысы мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы» МКМ-сі Қазақстан



Республикасының Ұлттық музейі жанындағы «Киелі Қазақстан» республикалық орталығымен бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шара «РИО» ойын-сауық орталығына келушілер арасында тарихи деректермен Ақмола облысының ең қызықты да киелі объектілері жайында білімдерін көрсететін викторина түріндегі (сұрақ-жауап) интерактивті режимде өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі жанындағы «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының бөлім жетекшісі Анар Екімбаева мен бөлім сарапшысы Кенжебекова Роза қатысты.

Сілтеме: [http://ruh.kz/kz/news/eskertkish_konenin_kozi_tarihtin_ozin?](http://ruh.kz/kz/news/eskertkish_konenin_kozi_tarihtin_ozin?fbclid=IwAR3Orvmv2IaukM2W5hK9XziUHrA2uNCGwj7gojKxEYbX6eU5z4ZSMMoFseU)

